

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ – 18 ЖЫЛ БОЙЫ КӨШ БАСТАП КЕЛЕДІ!

ЖЫЛДЫҚ

АРНАЙЫ
ШЫҒАРЫЛЫМ

WWW.KAF.KZ

2017

Е С Е П

МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБИ

БАСТЫ
МІНДЕТТЕРДІ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРА
ОТЫРЫП

41

8

КЕЗЕҢ

ТЕХНИКАНЫ
ЛИЗИНГКЕ БЕРУ

24

2017 ЖЫЛ
НЕСІМЕН
ЕРЕКШЕЛЕНДІ

06



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ





«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ **2017 ЖЫЛҒЫ**

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

18 ЖЫЛ БОЙЫ КӨШ БАСТАП КЕЛЕДІ!

Мазмұны

КОМПАНИЯ
БЕЙІНІ

05



05 – Біз туралы қысқаша

06 – **2017 жыл
несімен
ерекшеленді?**08 – Директорлар кеңесі
төрағасының сөзі
10 – Басқарма төрағасының
сөзіКОМПАНИЯ
ТУРАЛЫ

12

14 – 18 жыл тарихы бар
16 – Бизнес-моделі
18 – Жоғары көтерілуҚЫЗМЕТ
БАҒЫТТАРЫ

20

20 – Бізбен тиімді!
20 – Қаржыландыру
бағыттары
22 – Арнайы лизингтік
бағдарламалар24 – **Бізбен
ыңғайлы!**
(техниканы лизингке
берудің 8 сатылары)26 – Бізбен сенімді!
26 – Жеткізушілермен жұмыс
28 – Бұл шын ба?НАРЫҚҚА
ШОЛУ

30

30 – Сала қарқындары:
қауіптер және мүмкіндіктер
33 – Қазақстанның лизинг
нарығын талдау34 – **«Лизинг нарығы
өзгерістерді талап
етеді»**

Сұхбат

Басқарма
төрағасының орынбасары
Р. Карагойшин37 – SWOT-талдау
38 – PEST-талдауҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІ

40

40 – «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017
жылдағы негізгі жетістіктері

Менеджмент есебі:

41 – **Басты міндет-
терді жүзеге
асыра отырып**42 – А/ш техникасын және
жабдықтарды қаржыландыру44 – **«Табысқа жете-
лейтін лизинг»**

Сұхбат

«Қазагроқаржы»
АҚ басқарушы директоры —
басқарма мүшесі М. Сергалеев46 – Клиенттердің аймақтар
мен өлшемділігі
бойынша құрылымы
48 – Инвестициялық жобаларды
іске асыру
50 – Іске асырылған жобалардың
географиясы
52 – Стратегияны іске асыру
56 – Қаржы-экономикалық
нәтижелері
58 – Болашаққа көзқарасКОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ

60

62 – Корпоративтік басқару
рейтингі
63 – Корпоративтік басқару
кодексінің қағидаттарын
сақтау
66 – Акционермен өзара
әрекеттестік
67 – Директорлар кеңесі
72 – Директорлар кеңесінің
комитеттері
74 – Директорлар кеңесі
мен оның комитеттерінің
жұмысы
76 – Директорлар кеңесінің
қызметін бағалау
77 – Директорлар кеңесі
мүшелерінің сыйақысы
78 – Басқарма
80 – Басқарма жұмысы
82 – Ішкі бақылау жүйесі
84 – Ішкі аудит қызметі
86 – Акционерлік капитал
құрылымы
87 – Дивидендтер
88 – 2017 жылдың маңызды
корпоративтік оқиғаларыТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАСҚАРУ

90

90 – Сақтық қағидасын
ұстанамызТҰРАҚТЫ
ДАМУ ТУРАЛЫ
ЕСЕП

94

94 – Сапалы қарым-қатынасты құру
96 – Қоршаған ортаны қорғау
97 – Ақпараттық саясат
98 – Адамдар – басты құндылық
ретінде
102 – Демеушілік
және қайырымдылықҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІК

104

111 – Глоссарий
112 – Байланыс
ақпараты

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздің назарыңызға 2017 жылғы атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша әзірленген жылдық есептің 15-ші шығарылымын ұсынуға қуаныштымыз. Әрбір жылдық есепте ақпаратты ашу барысында біз ең үздік дүние жүзілік практиктерге, халықаралық және қазақстандық стандарттар мен нормаларға жүгінуге тырысамыз, сондай-ақ мүдделі тараптардың пікірлерін және тілектерін ескереміз. Осы жылдық есепте, сонымен қатар, тұрақты даму саласында қызметкерлерді басқаруға қатысты мәселелерді ашу кезінде біз GRI Стандарттарын (атап айтқанда, GRI 401 «Жұмысбастылық», 404 «Оқу» және 405 «Тең мүмкіндіктер»), сондай-ақ GRI 103 «Басқарудағы тәсілдеме» қолдандық. Сонымен бірге, құжатты дайындау кезінде Қазақстан қор биржасының ұсыныстары мен талаптарына негізделдік.

Аталмыш жылдық есеп қызықты да тартымды түрде біздің атқарған жұмысымыздың нәтижелері туралы, жетістіктеріміз бен табыстарымыз туралы, сондай-ақ таяу келешектегі жоспарлар мен стратегиялық міндеттер туралы әңгімелеп беретін журнал стилінде жасалған. Тұтас алғанда, жылдық есепте ақпарат берудің стандартты құрылымы сақталған, дегенмен мақала, сұхбат, сын пікірлер, жарнамалық модульдар түрінде және журналдарға тән басқа да ақпаратты баяндаудың қызықты нұсқаларында жеткізілген.

Жылдық есептің тақырыбы «18 жыл жетекші жайғасымда». 2017 жылдың желтоқсанында Компания агроөнеркәсіп кешенінің лизинг нарығындағы атқарған жұмысының 18-жылдығын атап өтті. Осы кезең ішінде Компания нарықта үстем жайғасымға ие болды және отандық фермерлердің көпшілігімен, ауыл шаруашылығы техникасы жеткізушілерімен және жұртшылықпен кеңінен танылған компанияға айналды.

**AR2017.KAF.KZ**

Біз туралы қысқаша

«ҚазАгроҚаржы» АҚ еліміздің агроөнеркәсіп кешенін дамыту мақсатында ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін отандық фермерлерге 18 жылдан аса уақыт лизингтік қызмет көрсетіп келеді.

Компания өзінің бүкіл тарихы бойына лизинг саласындағы жетекші жайғасымдарға ие болып жүр. Соңғы төрт жыл ішінде Компания жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 3,1 мың бірлігінен 4,5 мың бірлігіне дейінгісін сатып алып отырды, бұл еліміздегі жыл сайын сатылып алынатын ауыл шаруашылығы техникасының жалпы санының 50 % жуығын құрайды.

Лизинг секторында Компания саладағы жоғарғы құзырет, нарықтағы көпжылдық жұмыс тәжірибесі, дамыған филиалдық желісі, күшті кадрлар құрамы, сенімді кредиттік рейтингтері мен қаржы қаражаттарын тарту мүмкіндігі сияқты күшті бәсекелік басымдықтарын сақтайды.

2017 ЖЫЛ несімен ерекшеленді?

15-17 НАУРЫЗДА

Компания 12-ші рет «AgriTek/FarmTek Astana 2017» халықаралық мамандандырылған ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысты.



10 МАУСЫМНАН 10 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН

Холдингтің құрамында Компания Астана қаласында өткен Халықаралық мамандандырылған EXPO-2017 көрмесіне қатысты.

12 СӘУІРДЕ

Беделді Халықаралық «EMEA Finance» журналы инвесторлардың кең ауқымы арасында «ҚазАгроҚаржы» АҚ теңгелік облигацияларының дебюттік шығарылымын «Еуропада, Таяу және Орта Шығыста әрі Африкада ұлттық валютадағы облигациялардың ең үздік шығарылымы» номинациясының жеңімпазы деп таныды.



24 СӘУІРДЕ

Компанияның көрсететін қызметінің қолжетімділігін және клиенттерінің қанағаттанушылық деңгейін бағалау бойынша тәуелсіз компанияның жүргізген зерттеуінің қорытындысы шығарылды. Деңгейі 88,8% құрады.

2 МАМЫРДА

«Fitch Ratings» рейтингілік агенттігі «ҚазАгроҚаржы» АҚ шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін BB+ деңгейінде растады.

16 МАМЫРДА

«Экспресс-лизинг» жедел бағдарламасы бойынша фермерлер үшін қаржыландыру шарттары жақсартылды.

31 МАМЫРДА

«ҚазАгро» басқарушы холдингі (Холдинг) Компанияның корпоративтік басқару диагностикасын жүргізді.

82,8%
КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ ДЕҢГЕЙІ
БЕРІЛДІ



10 ШІЛДЕДЕН 9 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН

Отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау аясында «ҚазАгроҚаржы қаржыландырған» фотоконкурсы өтті. Конкурсқа 800 адам қатысты.

31 ШІЛДЕДЕ

Лизинг өнімдері бойынша пайыздық сыйақы мөлшерлемесі жылдық

14,5%
ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТІЛДІ

16 ҚАЗАНДА

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясы (Стратегия) бекітілді.



2 ҚАРАШАДА

«ҚазАгроҚаржы» АҚ ойдағыдай ре-сертификаттаудан өтіп, стандарттың жаңа ISO 9001:2015 нұсқасына көшті.

28 ҚАРАШАДА

Ауыл шаруашылығының қызметкерлері күнін мере-

келеуге орай Астана қаласында «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ашық есік күні өтіп, оның шеңберінде клиенттер мен ауыл шаруашылығы техникасының және жабдықтардың жеткізушілері үшін бірыңғай ақпараттық алаң құрылды.



25-27 ҚАЗАНДА

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Халықаралық мамандандырылған «ҚазАгро/КазФерма-2017» ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысты.

28 ҚАЗАНДА

Алматы қ. бойынша филиалда Компанияның клиенттері үшін ашық есік күні өткізілді.

8 ЖЕЛТОҚСАНДА

RAEX (Эксперт РА Қазақстан) рейтингілік агенттігінің Жылдық есептердің жыл сайынғы VII конкурсының қорытындысы бойынша, «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2016 жылғы жылдық есебі қаржы секторындағы ең үздік жылдық есептердің бестігіне енді. Қазақстанның бүкіл компанияларының жүздеген жылдық есептерінің арасында «ҚазАгроҚаржы» АҚ жылдық есебі 15-ші орынға ие болды.

ЖАЛПЫ
РЕЙТИНГТЕ

15 ОРЫН

ҚАРЖЫ КОМПАНИЯЛА-
РЫНЫҢ РЕЙТИНГІСІНДЕ

4 ОРЫН

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР! СІЗДЕРГЕ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АТЫНАН ҚОШЕМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚУАНЫШТЫМЫН!

Қазақстанның агроөнеркәсіп секторы қашанда экономиканың маңызды секторларының бірі болып қалмақ, өйткені ол еліміздің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігін қалыптастырады. Бұл саланың маңыздылығын түсіне отырып, Компания ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржы қаражаттарына, сондай-ақ лизинг негізінде ауыл шаруашылығы техникасына және технологиялық жабдықтарға деген қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы ауыл шаруашылығын жетілдіруге және дамытуға қолдау көрсетуге тырысады.

Есеп жылында АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басымдықтары ескеріле отырып әзірленген «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясының бекітілуі Компания үшін маңызды корпоративтік оқиғаға айналды.

Компанияның миссиясы сапалы да бәсекелі лизингтік қызметтер көрсету арқылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы техникаларын және жабдықтарын жаңартуға жәрдемдесу ретінде айқындалған.

Стратегия Компанияның бәсекелі ортаға жоспарлы түрде шығуына және стратегиялық инвесторды іздестіруді жүзеге асыруына сүйенген. Бұл орайда Компанияның инвестициялық тартымдылығын, соның ішінде меншікті капитал мен қарызды қаржыландыруды пайдалану тиімділігін өсіру есебінен арттыру, алдағы кезеңге арналған стратеги-

ялық бағыттардың алғашқысы болып табылады.

Көрсетілетін лизингтік қызметтерді жетілдіру — екінші стратегиялық міндет болып табылады. Компания азық-түлік желісін кеңейтумен, Қазақстан фермерлері үшін техника мен жабдық лизингісінің қолжетімділігін арттырумен, сондай-ақ көрсетілетін қызметтің сапасын көтерумен жұмыс істейтін болады.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру — үшінші стратегиялық бағыт болып табылады. Корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыруда біз барлық мүдделі тараптардың мүддесін сақтауға, Компания жұмысының тиімділігін арттыруға және ұзақ мерзімді тұрақты даму үшін негіз құруға тырысатын боламыз.

Компания 2017 жылы корпоративтік басқаруды дамыту бөлігінде ең үздік дүние жүзілік тәжірибенің ұсыныстарына сәйкес Директорлар кеңесінің жұмысына бағалау жүргізді. Бұл жұмыс Директорлар кеңесінің құрамы тәжірибе мен біліктілік бөлігінде қаншалықты теңестірілгендігін анықтауға, сондай-ақ алға қойылған мақсаттардың қол жеткен нәтижелерге сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді.

Сөзімнің соңында Директорлар кеңесінің, Басқарманың ұйымдасқан жұмысының арқасында және Компания ұжымының мақсатты атқарған қызметінің арқасында біз міндетті түрде алдымызға қойылған мақсаттарға қол жеткізуде үлкен табыстарға жететіндігімізді айтып кеткім келеді!

Құрметпен,
Айгүл Мұхамәдиева,
«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР! СІЗДЕРГЕ ҚОШЕМЕТ КӨРСЕТУГЕ ӘРІ 2017 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН АЛДАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНУҒА РҰҚСАТ ЕТІҢІЗДЕР.

Біздің бүкіл командамыз үшін өткен жыл жемісті де мазмұнды болды. «ҚазАгроҚаржы» АҚ көрсетілетін қызметіміздің алыну процесін барынша жеңіл әрі қолайлы етуге тырыса отырып, отандық аграршыларға тиімді қолдау жасалуын қамтамасыз ету жолында үздіксіз жұмыс атқарады. Мысалға, өткен жылы ішкі процедураларды оңтайландыру есебінен клиенттер үшін құжаттар пакеті қысқартылды, сондай-ақ лизинг бойынша өтінімдерді қарау мерзімі 8 жұмыс күнге қысқартылды.

2017 жылы Компания ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарды қаржыландыру бойынша лизингтік бағдарламаларды іске асыру жұмысын одан әрі жалғастырды. Өткен жыл ішінде Компания Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға 44,7 млрд. теңге инвестиция салып, 2 400 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке табыс етті.

Компания өзінің атқаратын қызметінің ел үшін маңыздылығын түсіне отырып, сондай-ақ отандық аграршылар-

ды қолдау мақсатында, жыл сайын мемлекет өкілдерінің, фермерлердің, отандық машина жасаушылар мен техника жеткізушілерінің арасында АӨК техникалық қайта жарақтандыру мәселесін талқылау бойынша алаң құру және оны кеңейту шеңберінде жұмыс жүргізіп отырады. 2017 жылы еліміздің барлық аграршылары үшін ашық есік күні аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ бүкіл жетістіктері — біріншіден, ұжымның сіңірген еңбегі. Біз Компанияның жетістіктерін барлық қызметкерлердің бөліскенін, өздерінің корпоративтік құндылықтарға қатыстылығын сезініп, үлкен де тату кәсіпқойлар командасының бір бөлігі болып табылатынын мақтаныш еткенін қалаймыз.

Компанияның серіктестеріне, клиенттеріне және қызметкерлеріне алғысымды білдіремін! Бірлесе отырып үлкен табыстарға жетеміз! Сәттілік тілеймін!

Құрметпен,
Қаныш Избастин,
«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Басқарма Төрағасы



**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫ-
ҒЫНЫҢ КЕЙБІР
МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ»
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ 1999 ЖЫЛҒЫ
24 ҚАРАШАДАҒЫ № 1777
ҚАУЛЫСЫНА СӘЙКЕС 1999
ЖЫЛҒЫ 28 ЖЕЛТОҚСАНДА
ТІРКЕЛГЕН**

НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

Ауыл шаруашылығындағы басты проблемалардың бірі — сапалы да бәсекелі лизингтік қызмет көрсету арқылы еліміздің техникалық паркін жаңарту мәселесін шешуге жәрдемдесу.

ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

1. Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі.
2. АӨК субъектілерін несиелендіру.
3. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру (соңғы қызмет түрі Компанияның тек қана лизингтік қызметке көшуіне байланысты. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру бұрынғы мақұлданған жобалардың шеңберінде жүзеге асырылады).

РЕЙТИНГТЕРІ:

- шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі — BB+/рейтингтер бойынша болжамы — «Негативті» (Fitch Ratings).
- «Эксперт РА Қазақстан» рейтингілік агенттігінің шкаласы бойынша корпоративтік басқару рейтингі — РКУ-7.

БӘСЕКЕЛІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

А/Ш ТЕХНИКА-
СЫНЫҢ ЛИЗИНГІ
НАРЫҒЫНДАҒЫ
ҮЛЕСІ ЖОҒАРЫ

90%

ЕКІ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛЫН – КРЕДИТ
ПЕН ЛИЗИНГТІ ПАЙДАЛАНУ

ЛИЗИНГ
САЛАСЫНДАҒЫ
ТӘЖІРИБЕСІ

**18 жылдан
астам**

ОҢ АТАҒЫМЕН ТАНЫМАЛ БРЕНДІ

КРЕДИТТІК РЕЙТИНГ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

НАРЫҚ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП,
ҚАРАЖАТ ТАРТУДАҒЫ СӘТТІ ТӘЖІРИБЕСІ

КАДР ҚҰРАМЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ҚҰЗЫРЕТІ

ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ТЕХНИКАЛАРЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ МЕН
ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ ҮЛКЕН БАЗАСЫНЫҢ БАР БОЛУЫ

ҚАЗАҚСТАН ҚОР
БИРЖАСЫНДАҒЫ
ЛИСТИНГ

**10 жылдан
астам**

ҚЫЗМЕТІНІҢ АШЫҚТЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ
БОЙЫНША ҮЗДІКСІЗ ЖҰМЫС

ӨҢІРЛІК ЖЕЛІСІ

14

ФИЛИАЛ


еліміздің барлық
өңірлерінде

ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫ

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің ұлттық валютада банктік қарыз операцияларын жүргізуге берген лицензиясы (2006 жылғы 31 наурызда алынған).
- ISO 9001-2015 сапа менеджменті жүйесі бойынша сертификаттау.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (Акционер, Жалғыз акционер).




18 ЖЫЛ

тарихы бар



«Төңкеріс АҚ» ЖШС

Бизнес-моделі



• Бизнес-моделі

• Бизнес-моделі

Жоғары көтерілу

2017 ЖЫЛ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҮШІН JAҢА 2017-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ӘЗІРЛЕНУІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ.



1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Мақсаты — тәуекелдің жарамды деңгейі сақталған кезде қызмет табыстылығын арттыру арқылы Компанияның ұзақ мерзімді акционерлік құнын ұлғайту.

1 МІНДЕТ.
Несие қоржынының сапасын көтеру.

2 МІНДЕТ.
Меншікті капитал мен активтерді пайдалану тиімділігін арттыру.

3 МІНДЕТ.
Банктерден және басқа да институционалдық инвесторлардан қарыз қаражаттарын тиімді тарту.

Стратегияда үш стратегиялық қызмет бағыты анықталған:



«ҚазАгроҚаржы» АҚ бәсекелік ортаға жоспарлы шығуы және стратегиялық инвесторды іздестіруі шеңберінде аталмыш Стратегияда Компания инвестициялық тартымдылықты арттыруға, лизингтік қызметті жетілдіруге, сондай-ақ корпоративтік басқаруды одан әрі дамытуға бағдар алған.

Компанияның алдағы 10 жылға арналған миссиясы сапалы да бәсекелі лизингтік қызмет көрсету арқылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы техникаларын және жабдықтарын жаңартуға жәрдемдесу болып табылады.

2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Мақсаты — қазіргі бар клиенттердің бейілділігін арттыру және 2026 жылға қарай клиенттердің жалпы санын 1,5 есе көбейте отырып, жаңа клиенттерді тарту.

1 МІНДЕТ.
Клиенттер үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру.

2 МІНДЕТ.
Лизингтік қызметтердің сапасын көтеру.

3 МІНДЕТ.
Компанияның азық-түлік желісін кеңейту және дамыту.

3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

КОРПОРАТИВТІК ДАМУ

Мақсаты — Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және 2026 жылға қарай 91,5% рейтинг алу.

1 МІНДЕТ.
Корпоративтік басқару қағида-даттарын сақтау.

2 МІНДЕТ.
Директорлар кеңесінің атқаратын жұмысының тиімділігін арттыру және тәуелсіз директорлар институтын жетілдіру.

3 МІНДЕТ.
Басшы қызметкерлердің сабақтастығын жоспарлау институтын және Компания Басқармасы мен қызметкерлерін бағалаудың еселі жүйесін дамыту.



4 МІНДЕТ.
Компания қызметінің ашықтығын арттыру.



СӨЙТІП, 2026 ЖЫЛЫ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ӨЗІН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ ҰЛТТЫҚ ЛИДЕР ӘРІ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ МЕН ЖАБДЫҚТАРЫН ЖАҢАРТУДА ЕҢ ЖАҚСЫ СЕРІКТЕС РЕТІНДЕ КӨРЕДІ.

«ВРВ-АПК» ЖШС лобасынан фотосурет



«Әрбір Клиент біз үшін — үлкен жеңіс! Біз тәулігіне 24 сағат бойы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін, жанұяларымыздың қамын ойлап жүрген фермерлердің ауыр еңбегін құрметтейміз және бағалаймыз. «ҚазАгроҚаржы» АҚ атқарып жатқан бүкіл жұмысы Клиент үшін — оның үлкен ісі үшін жасалады.

Өзіміздің клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлана отырып, біздің командамыз қаржыландыру бағдарламаларын жетілдіреді және өтінім беруге арналған құжаттар тізбесін қысқартады, осылайша республиканың аграршылары арасында өзінің көрсететін қызметінің тартымдылығын арттыра түседі».

Басқарма Төрағасының Орынбасары Р. Карагойшин

БІЗБЕН ТИІМДІ!

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТТАРЫ

ЛИЗИНГТІК ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



Ауыл шаруашылығы техникасы



Көлік құралдары ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін, биологиялық активтерді тасымалдайтын



Арнаулы техника (ауыл шаруашылығы мақсаттарына арналған)



Жүк вагондары астық және басқа да а/ш өнім түрлерін тасымалдауға арналған



Жабдық монтажды қажетсінетін/қажетсінбейтін

АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫН ТОЛЫҚТЫРУҒА ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТЫҚ-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫНА НЕСНЕЛЕНДІРУ



АРНАЙЫ ЛИЗИНГТІК БАҒДАРЛАМАЛАР



• «ҚазАгроҚаржы» АҚ өнім желісі

• «ҚазАгроҚаржы» АҚ өнім желісі

АРНАЙЫ ЛИЗИНГТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

МАСТЕР-ЛИЗИНГ



Лизингтік кредит желісін ашу үшін құжаттар жылына 1 рет жиналады



Клиенттің лимитті толығымен игеру бойынша міндеттемесінің болмауы



Мақұлданған желінің шеңберінде лизинг шарттарын жасасу туралы жедел шешім қабылдау

ЭКСПРЕСС-ЛИЗИНГ



Өтінімдерді қарау мерзімі — 5 жұмыс күн



Ең аз сараптамалар саны: құқықтық және кредиттік талдау



Өтінімнің ең жоғарғы сомасы — 20 000 000 теңге

ЕГІНЖАЙ



Лизинг заты: ҚР құрастырылған және/немесе өндірілген комбайндар мен астық іргіштер



Төмендетілген аванс мөлшері — лизинг заты құнының 10 % бастап



Авансты техниканы алғаннан кейін және егінді жинағаннан кейін төлеу мүмкіндігі, бірақ ағымдағы жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей

БЕЛАРУСТА ЖАСАЛҒАН



Лизинг заты: Беларусь Республикасында өндірілген а/ш және мелиорациялық техника, жабдық



Ағымдағы сыйақы мөлшерлемесінің (білу) % Беларусь Республикасымен өтеледі



Мемлекеттік бағдарламаны жаңартқан жағдайда мемлекеттен субсидия алу мүмкіндігі сақталады

СЕНІМДІ ФЕРМЕР



Мақсатты топ: «ҚазАгроҚаржы» АҚ адал клиенттері



Аванссыз лизинг!



Өтінімнің ең жоғарғы сомасы — 100 млн. теңге

ӨЗ ЖЕМ-ШӨБІМІЗ



Лизинг заты: жем-шөп дайындайтын және жем-шөп жинайтын техника



Төмендетілген аванс мөлшері — лизинг заты құнының 10% бастап



Өзінің меншікті малдарының бар болуы міндетті түрде

БІЗБЕН ЫҢҒАЙЛЫ!

ТЕХНИКАНЫ ЛИЗИНГКЕ БЕРУДІҢ 8 КЕЗЕҢІ



1

ЛИЗИНГ ЗАТЫ МЕН ЖЕТКІЗУШІНІ ТАҢДАУ

Фермер трактор, комбайн, тұқым сепкіш, маусымаралық жұмыстарды жүргізуге арналған техника және тағы да сондай қажетті лизинг затын, сондай-ақ оның жеткізушісін таңдап алуға тиіс. Жеткізуші мен лизинг затын таңдауды клиент өз бетінше өтінім тапсырылғанға дейін жүзеге асыратынын атап өту маңызды: «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиенттің шешіміне еш уақытта әсер ете алмайды.



2

ҚҰЖАТТАРДЫ ЖИНАУ

Өтінім тапсыру үшін міндетті түрде «ҚазАгроҚаржы» АҚ мамандарынан кеңес алу қажет. Шаруашылықтың меншік нысанына байланысты қажетті құжаттар тізбесін Компанияның корпоративтік сайтынан www.kaf.kz «Компания өнімдері» бетінен қарай аласыз немесе Компания офисына келе аласыз. «ҚазАгроҚаржы» АҚ офистары Қазақстанның бүкіл облыстарында бар. Олардың мекенжайларын Компанияның корпоративтік сайтынан www.kaf.kz «Компания туралы» бетінен біле аласыз.



3

ӨТІНІМ ТАПСЫРУ

Өтінімді Компания офисына келіп те, не болмаса www.credit.kazagro.kz сайтында онлайн түрінде де беруге болады. Онлайн өтінім рәсімдеу мен беру процедурасы барынша оңайлатылған, ал бастысы — уақытты үнемдейді.

ӨТІНІМДІ ҚАРАУ

Өтінім кредит менеджеріне келіп түседі, ол құжаттардың толық пакеті ұсынылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде олардың барлық талаптарға сәйкес келу дәрежесін тексереді. Бұзушылықтар болмаған жағдайда, өтінім тисті сараптамаларға жолданады. Кейіннен кредит менеджері клиентпен бірге сараптау бөлімшелері берген ұсыныстарды пысықтайды. Ұсыныстар пысықталғаннан кейін, өтінім «ҚазАгроҚаржы» АҚ уәкілетті органының қаруына жолданады.



4



7

ЖЕТКІЗУШІМЕН ЖҰМЫС

Қаржы лизингі шарты жасалғаннан кейін және бастапқы жарна төленгеннен кейін, «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиенті жеткізушімен лизинг затын сатып алуға шарт жасайды. Лизингтің басты ыңғайлылығы «ҚазАгроҚаржы» АҚ өзіне техниканы сатып алу, рәсімдеу және жеткізу бойынша барлық қағаз түріндегі жұмысты алатындығында.

ШАРТ ЖАСАУ

Келесі кезеңде клиент пен «ҚазАгроҚаржы» АҚ арасында белгіленген нысанда лизинг пен техниканы жеткізудің негізгі шарттарын көрсете отырып, қаржы лизингі шарты жасалады.



5



6

АЛҒЫТӨЛЕМ ТӨЛЕУ

Қаржы лизингі шарты жасалғаннан кейін, клиент таңдалып алынған қаржыландыру бағдарламасына байланысты техника құнының 0%-нан 25% дейінгісін құрайтын алғашқы лизингтік төлемді төлеуге тиіс.



8

ЛИЗИНГ ЗАТЫН ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ТАБЫСТАУ

Техника жеткізілімі шартпен анықталған межелі жеріне дейін жүзеге асырылады. Лизинг затының клиентке табысталуы «ҚазАгроҚаржы» АҚ кедендік шараларды жүргізгеннен кейін жүзеге асырылып, тиісті актімен рәсімделеді.

БІЗБЕН СЕНІМДІ!



«ҚазАгроҚаржы» АҚ үшін маңызды міндеттердің бірі ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарының негізгі дүние жүзілік өндірушілерімен өзара тиімді серіктестік қатынастарды сақтау болып табылады. Көптеген жеткізушілермен ұзақ уақыт ынтымақтаса жұмыс істеу тәжірибесі «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қысқа мерзімде әрі неғұрлым төмен баға бойынша барлық қажетті техникамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал бұл, егер ауыл шаруашылығындағы жұмыстардың маусымдылығын ескере келсек, маңызды фактор болып табылады».

Атқарушы директор,
Б. Осанов

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
ӘЛЕМНІҢ 20 ЕЛІНЕН АСТАМ
ТЕХНИКА ӨНДІРУШІЛЕРІМЕН
ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІМЕН
ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

Жеткізушілермен өзара әрекеттесу процесі лизинг алушының өтінімі келіп түскен сәттен басталады, онда белгілі бір жеткізуші мен лизинг заты көрсетіледі.

Клиенттер Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтынан керекті жеткізушілерді іздестіруге ыңғайлы болу үшін, 2013 жылдан бері ауыл шаруашылығы техникасының, жабдықтар мен ІҚМ жеткізушілерінің автоматтандырылған базасы енгізілген.



Аталмыш базада Компаниямен жұмыс істеу тәжірибесінің болуы/болмауына қарамастан, кез келген жеткізуші тіркеле алады. Қазіргі уақытта бұл базада дүние жүзінің әртүрлі елдерінен 577 жеткізуші тіркелген.

Жеткізушілер мен лизинг заттарына қойылатын талаптар бәріне бірыңғай және Компанияның сайтына орналастырылған, бұл жеткізушілер үшін Компаниямен өзара әрекеттесу процесін жеңілдетеді.

Жоба бойынша шешім қабылданғаннан кейін және қаржы лизингі шарты жасалғаннан кейін, лизинг затын сатып алу шартын жасау іс-шаралары жүргізіледі.

Одан әрі жеткізуші лизинг затын жеткізу процесін жүзеге асырады, ал Компания аталмыш лизинг затын қабылдап алады, жеткізушіге ақысын төлеп, оны лизинг алушыға табыс етеді. Лизинг затының логистикасы, кеден рәсімдеуі мен жеткізуге байланысты басқа да мәселелерді Компания қызметкері жүзеге асырады бұл барынша клиенттердің мүддесін қорғайды.



«Бәріне белгілі, клиенттердің қанағаттанушылығы Компанияның жемісті де тұрақты қызметін қамтамасыз етуде маңызды фактор болып табылады. Компания қызметкерлері өз жұмыстарының әр кезеңінде функцияларын сапалы әрі барынша қысқа мерзімде орындауға тырысады. Біз біліктілігімізді арттыруға және жұмыста жаңа білімізді қолдануға үнемі көңіл бөліп отырамыз».

Жобаларды әкімшілендіру департаментінің директоры **Е. Молдашев**

БҰЛ ШЫН БА?

КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТКЕ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ

Клиенттердің қанағаттанушылық дәрежесі ұзақ мерзімді қатынастар орнатуда және Компанияның тұрақты қызметін қамтамасыз етуде маңызды фактор болып табылады. Лизингтік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында Компания жыл сайын тәуелсіз компанияны тарта отырып, қол-

даныстағы және ықтимал клиенттердің пікірін сұрайды, бұл клиенттердің қанағаттанушылық деңгейінің өзгеру серпінін қадағалауға, сондай-ақ клиенттерге қызмет көрсетудегі негізгі проблемалық мәселелерді және Компанияның қызмет көрсету стандарттары мен процедураларына деген клиенттердің көзқарастарын анықтауға мүмкіндік береді.

КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ МЫНАЛАР БОЙЫНША БАҒАЛАНҒАН:

АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

компанияның қызметі мен оның қызмет көрсету тәртібі туралы толық, өзекті әрі расталған ақпараттың болуы

КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ

қызмет жеткізушісінде біліктілігі жеткілікті қажетті қызметкерлер санының болуы

ӘКІМШІЛІК ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

әкімшілік тосқауылдардың және сыбайлас жемқорлықтың болмауы, қызмет көрсету талаптары мен процестерінің айқындығы және ашықтығы

ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

клиенттің нақты қаржы жағдайы ескеріле отырып, көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігі

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

көрсетілетін қызметті нақты орналасқан жерге тікелей жақын тұрған жерден немесе оңтайлы көлік қолжетімділігі радиусында алу мүмкіндігі



2017 ЖЫЛЫ КӨРСЕТИЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ МЕН КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ 92,9 % ҚҰРАДЫ, БҰЛ ӨТКЕН КЕЗЕҢНІҢ ДЕҢГЕЙІНЕН 4,1 %-ҒА ЖОҒАРЫ.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, клиенттердің көрсетілген қызметтің сапасына қанағаттанушылығы айтарлықтай жоғары және оның көтерілу беталысы бар. Сауалнамаға жауап берген қолданыстағы және ықтимал клиенттер бүкіл өздерімен өзара әрекеттесу аспектілері бойынша Компания қызметкерлерінің жұмысын жоғары бағалады.

Оң жауаптардың орташа пайызы

2017 ЖЫЛЫ **93,5%** - ДАН

2018 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША

97,2% ДЕЙІН КӨБЕЙДІ

Теріс жауаптардың орташа пайызы ұқсас кезеңге

6% - ДАН **2,8%** ДЕЙІН АЗАЙДЫ

Респонденттердің 82 %-ы қайталап өтініш жасау мүмкіндігін қарастыруда, ал 31 %-ы өз таныстарының тобын «Қаз-АгроҚаржы» АҚ қызметі туралы негізгі ақпарат көздерінің бірі деп атады. Сөйтіп, клиенттердің қанағаттанушылығына инвестициялау Компания жұмысының маңызды компоненті болып табылады және айқын нәтиже береді.

Клиенттердің жүргізілген сауалнаманың барысында берген ұсыныстары мен ескертулері қызмет көрсету процесін одан әрі жетілдіру кезінде және бизнес-процестерді оңтайландыру кезінде ескерілетін болады.

Осы жұмыстың шеңберінде 2017 жылы өтінімдерді қарау процесін реттелеуші құжатқа өзгертулер енгізілген болатын, атап айтқанда:

- клиенттер үшін құжаттар пакетін, соның ішінде Компанияның «Азаматтарға арналған үкімет» ақпараттық порталы арқылы өтінішкер туралы мәлімет алу мүмкіндігі есебінен қысқарту бөлігінде;
- процедураларды оңтайландыру есебінен лизинг бойынша өтінімдерді қарау мерзімін 8 жұмыс күнге қысқарту бөлігінде.

Проблемалық борышпен жұмысты реттелеуші құжатты өзектендіру жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, жобаны проблемалық блокқа табыстау процесін оңтайландыру, анық регламенттелген мерзіммен іс-шараларды жүйелендіру жұмысы жүргізілді, проблемалық борышпен жұмыс кезінде бақылау нүктелері белгіленді. Сонымен қатар, проблемалық жобаларды оңалту шеңберінде нәтижелерді жақсарту мақсатында, 2017 жылы проблемалық борышпен жұмыс бөлігінде автоматтандырылған ақпараттық жүйені дамыту бойынша



Жобалық талдау департаментінің директоры, Кадыров Т.

«Ауыл шаруашылығындағы ең өзекті мәселелердің бірі еңбек өнімділігін арттыру болып табылады, алайда ескі технологиялар мен тозығы жеткен ауыл шаруашылығы техникасының паркін қолдана отырып оған жету мүмкін емес. Сонымен бірге, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы салаларында дүние жүзілік ең жаңа технологиялардың енгізілуі арзан да қолжетімді болуға тиіс айтарлықтай қаржы инвестициясын талап етеді.

Бүгінгі таңда «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржыландыру талаптары мемлекеттік

қолдау бағдарламаларымен бірге үйлестікте көптеген жылдар бойы бірегей болып саналады. Біз жылдан-жылға ауыл шаруашылығы саласының барлық өрістерінде төрешілдік тосқауылдар азайып келе жатқанын, қызмет ашықтығы нығайып келе жатқанын көріп отырмыз. Ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландырудың тартымдылығын арттыру үшін үлкен жұмыс жүргізілді. Нәтижесі де өзін күттірмеді — Қазақстан Республикасының егіс далаларында «ҚазАгроҚаржы» АҚ логотипі қойылған техникалардың саны барған сайын көбейіп келеді».

Сала қарқындары: қауіптер және мүмкіндіктер

Ауыл шаруашылығы саласы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын экономиканың маңызды секторларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы АӨК-нің одан әрі даму перспективалары бар: өткізу нарықтары, егістіктері, суармалы жерлерді дамыту перспективасы бар, май, ет секторларының экспорттық жайғасымдары күшейіп келеді, ал бидай мен ұн бойынша Қазақстан қысқа мерзімде дүние жүзіндегі ең ірі экспорттаушы елдердің қатарына қосылды.

Жоғарыда аталған факторларды ескере отырып, АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Тұтас алғанда, іске асырылып жатқан саланы мемле-




«Жата» ШҚ жобасынан фото (Қырағанды облысы)

кеттік қолдау шараларының оң серпіні бар. Ағымдағы жылы аталмыш бағдарламаға түзетулер енгізілді, онда міндеттер мына бағыттармен өзектендірілген әрі толықтырылған:

- аграрлық ғылымның дамуын, технологиялар трансфертін және АӨК субъектілерінің құзырет деңгейін қамтамасыз ету;
- АӨК-гі өндірістің техникамен жарақтандырылу деңгейі мен оны қарқындату деңгейін арттыру;


көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасын арттыру және АӨК сандық жүйеге көшіру.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың өзекті проблемаларының бірі АШТӨ техникамен жарақтандыру болып қалып отыр. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша, бүгінгі таңда фермерлердің қолында бар көптеген тракторлар мен комбайндардың пайдалану мерзімі 10 жылдан асады. Техниканың көпшілік бөлігі жоюға және есептен шығаруға жатады.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН ЖАҢАРТУ


2017 жылы барлығы 2 220 бірлік трактор сатып алынды. Сонымен бірге, жаңарту қарқыны 1,5%-ды құрады.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН ЖАҢАРТУ


КОМБАЙНДАР

2017 жылы барлығы 963 бірлік комбайн сатып алынды. Сонымен бірге, жаңарту қарқыны 2,4%-ды құрады.




ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ТЕХНИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕСІ

ЕГІН ЕГУ



ЕГІН ЖИНАУ



Тозығы жеткен техниканы пайдалану мынаған әкеледі:

- ЖЖМ мен қосалқы бөлшектердің шамадан жоғары шығынына;
 - астық ысырабына;
 - ылғал дөңді кептіруге кететін шығындарға;
 - кептіруден болған дән сапасының ысырабына;
 - бұзылу себебінен техниканың тұрып қалуына.
- Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша,

тозығы жеткен техниканың кесірінен болатын жыл сайынғы астық ысырабы шамамен 200 млрд. теңге, ал қосалқы бөлшектер мен ЖЖМ ысыраптары — шамамен 100 млрд. теңге.

Компания 2017 жылы отандық машина жасауды дамыту мәселесі бойынша ынтымақтастық туралы «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Гомсельмаш» АҚ, «АгромашХолдинг» АҚ арасында, сондай-ақ «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Комбайновый завод Ростсельмаш» ЖШҚ мен «Комбайновый завод «Вектор» ЖШС арасында үш жақты келісім жасады.

Қазақстанның лизинг нарығын талдау

~ ЛИЗИНГ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ТӘЖІРИБЕДЕ НЕГІЗГІ ҚОРЛАРДЫ ЖАҢАРТУ ҮШІН АНАҒҰРЛЫМ ҚОЛАЙЛЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҰЛ ҚЫЗМЕТ ТҮРІН ТЕК ҚАНА СОҒҒЫ 10 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ӨСУ БЕТАЛЫСЫНА ИЕ БОЛҒАН БІРШАМА ЖАС ДЕП САНАУ ҚАЖЕТ.

Қазақстанда лизингтік қызмет «Қаржы лизингі туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі № 78-ІІ Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (ерекше бөлімі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен реттеледі.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, лизинг нарығында қызметін 30 аса компания жүзеге асырады, олар негізінен тар бейінді болып табылады және өздерінің бәсекелі мамандану дәрежелері бар. Тар бейінділерге тек екінші деңгейлі банктердің еншілес компанияларын ғана жатқызуға болады. 2017 жылы қаржы лизингі нарығының көлемі шарттардың құнының артуы аясында кенет 34,4 %-ға өсіп кетті. Көліктік-логистикалық кәсіпорындардың тарапынан сұранымның қолдауымен лизингтік қызмет нарығының көлемі ұлғайды. Бұл ретте жыл ішінде жасалған қаржылық жалға беру шарттарының саны 12 %-ға кеміді.

Жыл ішінде лизингтік компаниялардың негізгі клиенттері — ауыл шаруашылығы кәсіпорындары тарапынан лизинг механизмі арқылы жаңа мүлік сатып алуға сұраным онша өскен жоқ, небары 4 % ғана өсті.

Лизингтік компаниялардың көпшілігі, өткен жылмен салыстырғанда, 2017 жылдың басына лизинг талаптарын айтарлықтай өзгертпегенін атап өту қажет. Алайда, лизингтік шарттардың құнының артуы аясында лизинг берушілер қосымша қаржыландыру тарту бойынша іздестіруді жандандырды.

Осыған байланысты, лизингтік қызметті қаржыландыру көздерінің құрылымында тартылған шетелдік инвестициялардың көлемі неғұрлым тез өсе бастады. Сөйтіп, 2018 жылы

лизинг нарығының даму серпінін, ең алдымен, қаржыландыру көлемі, соның ішінде тартылған қаражат көлемі анықтайтын болады.

2017 жылдың қорытындысы бойынша, барлық лизингтік компаниялар бойынша орташа қаржыландыру мөлшерлемесі 14,7 % мөлшерінде құралып шықты, орташа қаржыландыру мерзімі 5 жыл және 1 ай құрады. Талдау деректері, қазақстандық нарықтағы ұсынылған лизинг талаптары, тұтас алғанда, соңғы жыл ішінде біршама жақсарғанын көрсетеді: қаржыландыру мөлшерлемесі бөлігінде төменірек, ал мерзімі — ұзағырақ болды.

Басқа отандық лизингтік компаниялармен салыстырғанда, тек «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да ғана негізгі борышты төлеу бойынша 2 жылға дейін жеңілдікті кезең бар, ал лизинг мерзімі нарықтағы ең ұзақ болып табылады (10 жылға дейін).

«ҚазАгроҚаржы» АҚ бүгінгі таңда лизинг нарығында жетекші жайғасымды алып тұр және бюджеттік қорландырудың жоқтығына қарамастан, АӨК субъектілеріне, басқа компаниялармен салыстырғанда, неғұрлым қолайлы талаптарда қаржыландыру беруді жалғастыруда. Серпін көрсеткендей, соңғы төрт жылда Компания жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 3,1 мың бірлігінен 4,5 мың бірлігіне дейінгісін сатып алып отырған, бұл елімізде сатылып алынатын ауыл шаруашылығы техникасының жалпы санының 50 % құрайды.

Сонымен бірге, жеңілдікті қорландыруға қол жеткізуге жол ашылуын ескере отырып, жеке меншік лизингтік компаниялар да қолайлы талаптарда лизинг қызметін көрсете бастауы мүмкін, бұл Компания үшін бәсекелестіктің күшейгенін білдіреді.

«ЛИЗИНГТІК КОМПАНИЯЛАР-
ДЫҢ БІРІГУІ МЕН ІРІЛЕНУІ
НАРЫҚТАҒЫ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ
БАСТАМАСЫН САЛАДЫ, ЖӘНЕ
НАРЫҚ ШЫНЫМЕН ДЕ ІСТЕЙ
БАСТАЙДЫ».

Басқарма төрағасының
орынбасары
Р. Карагойшин



«ЛИЗИНГ НАРЫҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТАЛАП ЕТЕДІ»

Сұхбат

— Бүгінгі таңда Қазақстанның лизинг нарығы үшін қандай мәселелер өзекті?

— Еліміздің лизингтік компанияларында жүйелік сипаттағы бірқатар проблемалар бар. Біріншіден, Қазақстанда лизингтік компаниялардың мүддесін қорғайтын лизинг берушілердің одағы немесе қауымдастығы жоқ. Сондықтан осы міндетті шешу үшін нарықты дамыту, нарық қатысушыларының өзекті мәселелерін талқылау үшін бірыңғай ақпараттық алаң құру және лизинг құралын жетілдіру жөнінде заңнамалық және қадағалау органдарына шоғырландырылған ұсыныстар жолдау мақсатында, осындай қауымдастық құру қажет деп санаймын.

Екіншіден, нарықта лизингтік компанияларды ірілендіру жүзеге асырылмайды. Заңнамаға сәйкес, лизинг беруші ауысқан кезде өткен жылдың барлық салықтары қайта есептеледі, бұл бір лизингтік компанияның екінші компанияның кредит қоржынын сатып алуына мүмкіндік бермейді. Ал заңды тұлғаны сатып алып, оны еншілес компания ретінде ұстау шығыстар мен басқару бөлігінде тиімсіз болып табылады.

— Лизингтік компаниялардың біріктірілуі және ірілендірілуі нарыққа қандай пайда әкелер еді?

— Өздерінің ірілендірілуінің арқасында лизингтік компаниялар дәл сол рейтингтік агенттіктерден неғұрлым жоғары баға алар еді, енді халықаралық сауда агенттіктерімен және екінші деңгейлі банктермен сөйлесе алар еді. Ірі компа-

нияларға диалог жүргізу жеңілрек және оларға деген сенім де көбірек. Нәтижесі ретінде — ірі лизингтік компаниялар өз облигацияларының мүлдем басқа рейтингіне ие болып, көбірек қаражат тарта алар еді және олардың массасының арқасында тартылған ақшаның құнын арзандата алар еді. Нарық компаниялардың ірілендірілуінен тек ұтар еді.

Ірі бизнес Қазақстанда бәріне белгілі және оған екінші деңгейлі банктерде қызмет көрсетіледі. Ақыр аяғында сол ірі компаниялар шығып, қаражатты халықаралық нарықтан қарызға ала алады. Сондықтан лизингтік компанияларға жекелей кету керек, яғни шағын және орта бизнеске, ал бұл үшін азық-түліктердің неғұрлым кең желісінің болғаны қажет. Азық-түліктердің жаңа түрлерін қолданыстағы заңнамалық шектеулер әлсіреген жағдайда құру мүмкін болады. Лизингтік компаниялардың клиенттерінде таңдау болуы керек, мысалы, қайта қаржыландыру, лизингтік мәмілені мерзімінен бұрын жабу құқығы болуға тиіс.

Лизингтік компаниялардың біріктірілуі және ірілендірілуі нарықтағы қозғалыстың басын бастайды және ол, шынында да, жұмыс істеп кетеді. Қатысушыларда өз қызметін дамытуға деген қызығушылық бар, бірақ заңнамалық шектеулердің салдарынан лизингтік компаниялар кейде тіпті перспективаны көрмейді. Бұл шектеулер бар, соның ішінде лизингтік мәмілелер бойынша салық жеңілдіктерінің болуынан жалған кәсіпкерлікпен күресу үшін, және бұл дұрыс та. Дегенмен, екінші жағынан, Қазақстанда лизинг нарығын

шындап дамыта бастау үшін, бұл шектеулерден қалай арылуға болатынын ойластыру керек.

— **Лизинг берушілер үшін өткен жыл оның алдындағы жылдардан несімен ерекшеленеді?**

— Өткен жылдың негізгі тренді — ақша іздестіру. Ұлттық валютаның құнсыздануы нарықтағы өтімділіктің төмендеуіне және ақша құнының қымбаттауына алып келді, ал бұл, өз кезегінде, лизингтік компаниялардың қызметіне қатты әсер етті. Лизинг берушілер ұзақ мерзімді теңгелік ресурстарға өте мұқтаж. Бұл ресурстардың көздері екінші деңгейлі банктер, акционерлер, облигациялық құралдар, шет елдегі саудалық қаржыландыру болып табылады. Соңғы үш жылдың ішінде лизинг нарығы қысқарды. Көптеген лизингтік компанияларда өздерінің кредит қоржындарына байланысты проблемалар да болып, олардың клиенттері қарыздарын қайта құрылымдау процесінен өтті деп ойлаймын.

— **Сіздің ойыңызша, ұзақ мерзімді қаражаттарды тартуға байланысты проблеманы қалай шешуге болады?**

— Мен айтып кеткендей, ірілендіру арқылы. Банктер қаржыландыруға ынталана қоймайды, өйткені олар кімді қаржыландыратынын көрмейді де. Егер қоржыны жақсы неғұрлым ірі лизингтік компания болса, олар қолайлы талаптарда несие қаражаттарын беретін болады.

алу қаржы лизингі арқылы қаржыландырылатын негізгі бағыт болып қалды.

Ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды жаңарту кезінде аграршылардың лизингтік қаржыландыру схемасына артықшылық беруі мына факторлармен негізделген деп болжау керек:

- біріншіден, бастапқыда лизингті қаржыландырудың неғұрлым икемді талаптары мен схемасы аграршылар үшін аса қолайлы болды. Лизингті рәсімдеу кезінде қосымша кепіл қажет емес, өйткені лизинг затының өзі кепіл ретінде болады;
- екіншіден, ауыл шаруашылығы лизингі бойынша мамандандырылған лизингтік компаниялар өздерінің талаптарын агробизнесің ерекшелігіне үйлестіріп құрады. Мысалға, ҚазАгроҚаржы көктемгі-дала және егін жинау жұмыстарының маусымдылығын ескере отырып, негізгі борышты өтеудің икемді кестесін қарастырған, яғни негізгі борыш жылына бір рет егін жиналғаннан кейін төленеді. Сонымен бірге, лизингті қаржыландыру мерзімі ұзақ, бұл да шаруашылықтар үшін маңызды, өйткені саланың өзі өтелімділігі жағынан ұзақ мерзімді болып табылады;
- лизингтік қаржыландыру схемасын таңдаудың тағы да бір артықшылығы салық артықшылықтарының болуы болып табылады. Банктер ауыл шаруашылығы саласын несие-

РАЕХ ЗЕРТТЕУІНІҢ МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША,
СОҒҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ АРҚЫЛЫ
ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН НЕГІЗГІ БАҒЫТ
РЕТІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАСЫН,
ЖАБДЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ МАЛ САТЫП АЛУ ҚАЛАДЫ.

— **Қаржы құралы ретінде лизинг дәл ауыл шаруашылығы саласында тиімді ме?**

— АӨК-ті лизинг жүйесіне қатысты келетін болсақ, аталмыш құрал АШТӨ үшін неғұрлым қолайлы құрал болып табылады. Бұл жөнінде мына дерек айтады: РАЕХ зерттеуінің деректері бойынша, соңғы жылдар ішінде ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтар мен мал сатып

лендіруге ынталана қоймайды, оны қауіп-қатері жоғары өндірістік циклі ұзақ деп санайды, бұл кредиторлар үшін мүлдем қолайсыз.

Сөзімнің соңында көрсетілетін қызмет түрі ретінде лизингтің салыстырмалы жастығына қарамастан, ол Қазақстанның машина-трактор паркін жаңарту үшін неғұрлым қолайлы құралға айналғанын атап өткім келеді».

SWOT-талдау

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

- АӨК лизинг пен несиелендіру саласындағы үлкен тәжірибесі.
- Жыл сайынғы мәмілелер көлемі бойынша да, қоржын мөлшері бойынша да лизинг нарығындағы айтарлықтай үлесі.
- Лизингтік қызмет көрсетудегі жоғары құзыреті.
- Республикадағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кең клиенттік базасы.
- Ауыл шаруашылығы техникаларының және жабдықтардың отандық және дүние жүзілік өндірушілерімен жөнге салынған серіктестік қатынастары.
- Артықшылықты шарттармен (лизинг мерзімі ұзақ, қолайлы өтеу кестесі) азық-түлік желісінің болуы.
- Білікті кадр құрамы.
- Қаржыландыру көлемін кеңейту үшін халықаралық нарықта қарыз қаражаттарын тартудағы тәжірибесі.
- Кеңейтілген филиалдар желісі.
- Ауыл шаруашылығының тауар өндірушілері үшін танымалы бренді.
- Халықаралық ISO 9001:2015 стандартының жаңа нұсқасына көшуі.
- Клиенттердің қанағаттанушылығына бағдарланғандығы және Компанияның 2017-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясы шеңберінде көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуы.
- Бизнес-процестерді үздіксіз оңтайландырып отыруы.
- Өтінімдерді өңдеудің автоматтандырылған жүйесін енгізуі.

ОСАЛ ЖАҚТАРЫ

- Несие қоржынын экономиканың бір саласына шоғырлауы.
- Ауыл шаруашылығы саласына сипаттылығына байланысты, өтімділігі төмен қамтамасыз етілген кепіл заттарының болуы.
- Кадрлардың тұрақтамауының көбеюі.
- Клиенттердің өтінімдерін ұзақ уақыт қарау процесі және ауыл тұрғындарының заңдық және қаржылық сауаттылығының төмендігінен клиенттер тарапынан қаржыландыруға ұсынылатын құжаттама сапасының төмен болуы.
- Лизинг заттарының (жылжымалы мүліктің) орналасу мониторингін жүргізу кезіндегі қиындықтар.

МҮМКІНДІКТЕР

- Мемлекеттік саясаттың аграршыларды қолдауға нысаналауына байланысты, аграрлық бизнесті жүргізу талаптарын жақсарту.
- Ауыл шаруашылығы техникаларын және жабдықтарды жаңартуға деген қанағаттандырылмаған сұраныстың болуы.
- Агробизнесің қажеттіліктеріне сәйкес көрсетілетін лизингтік қызметтердің өнімдер желісін кеңейту.
- Ауыл шаруашылығы техникаларын және жабдықтарды жаңартуда АӨК субъектілері үшін ең жақсы серіктес ретінде жайғасымға ие болған «ҚазАгроҚаржы» АҚ брендінің күшейтуі.
- Өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту және клиенттер үшін құжаттар пакетін оңтайландыру.

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

- Клиенттердің төлем төлеу қабілетінің төмендеуіне әсерін тигізетін халықаралық нарықтағы қаржылық тұрақсыздық және техниканың қымбаттауына байланысты оған деген сұраныстың азаюы.
- Компанияға деген мемлекет ықпалының төмендеуіне байланысты, кредиттік рейтингінің ықтимал төмендеуі.
- Лизингтік компаниялар санының көбеюі, лизинг талаптары неғұрлым қолайлырақ бәсекелестердің пайда болуы.
- Акционердің ауысуына байланысты тұрақсыздық, білікті мамандардың кетуі.
- Ауыл шаруашылығы техникаларының және жабдықтардың қымбаттауы.

PEST-талдау

МҮМКІНДІКТЕР

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

САЯСИ ФАКТОРЛАР

- Ауыл шаруашылығын дамыту бойынша мемлекеттің мақсатқа бағытталған саясаты. АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы әзірленген. Бұл бағдарламаны іске асыру шеңберінде ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдаумен барынша қамту механизмдері көзделген.
- **Импортты алмастыру саясаты, отандық өнімге деген сұраныстың өсуі.** Мемлекет тарапынан көтеріңкі назардың аударылуы ауыл шаруашылығының тауар өндірушілері үшін бәсекеге қабілетті аграрлық азық-түлік өнімдерінің көлемін ұлғайту бойынша қосымша мүмкіндіктер ашады.

- **Мемлекеттік саясатқа тәуелділік.** АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына өзгертулердің жиі енгізілуі.
- **Кеңінен үкіметтік реттеу** ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерінде иек артушылық көңіл-күй тудырады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

- **Саланың** ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жермен жеткілікті қамтамасыз етілуі, орнықты шикізат базасы.
- **Инфляция деңгейі.** Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы баға деңгейінің көтерілуі ауыл шаруашылығын дамытуға тікелей әсер етеді.
- **Саланы несиелендіру.** Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін несиелендіруге қолжетімділіктің артуы.
- **Инвестициялық бизнес-климат.** 2017 жылы ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 29,3 %-ға артты және 352,5 млрд. теңге құрады. Ауыл шаруашылығына негізгі капиталға салынған инвестициялардың 87 % артығы маусымдық дақылдарды өсіруге (62,1 %) және мал шаруашылығына (25 %) жұмсалған.

- Ауыл шаруашылығы өнімдері **нарығының серпіні** және саланың жағдайы. Ауыл шаруашылығы — қазақстандық экономиканың дамып келе жатқан және жоғары өсу қарқынын көрсетіп келе жатқан салаларының бірі. 2017 жылғы нақты көлем индексі 2,9 %-ға өскенін көрсетті, ал, тұтас алғанда, бүкіл ел бойынша ЖІӨ өсу деңгейі өткен жылы 4 %-ға жетті.
- Фермерлердің қызмет табыстылығы тәуелді болатын жабдықтың, тыңайтқыштардың, жемшөптің, ветеринарлық дәрі-дәрмектер мен энергия ресурстарының сыртқы және ішкі бағаларының **үнемі өзгеруі.**
- Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтардың көптеген түрлері бойынша Қазақстанның **импортқа тәуелділігі** АШТӨ экономикалық қолжетімділік деңгейіне теріс жағынан әсер етеді.
- **Төмен табыс деңгейі.** 2017 жылы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы 2016 жылмен салыстырғанда, небары 1,6 % ғана көтерілді, дегенмен **инфляция деңгейі 7,1 % құрады.**

МҮМКІНДІКТЕР

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ

- Халық арасында пайдалы тағамды насихаттауға, органикалық өнімді дәріптеуге, сондай-ақ ауылдық жерлерде тұратын халықтың қомақты үлесіне **байланысты халықтың ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтынуының негізгі үрдістері.**
- Халық санының артуы жағдайында **ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген қажеттіліктің үздіксіз сипаты** органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізуге ерекше көңіл қоя отырып, аграрлық секторда ұзақ мерзімді өсу трендін сақтап қалуға алдын ала жағдай жасайды.
- **Білім деңгейі.** Аталмыш фактор ұйымдарды жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін маңызды. Қазақстанда жыл сайын түрлі салаларда АӨК кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін мамандар шығарып отыратын мемлекеттік аграрлық университеттер жұмыс істейді.

- **Кадрлардың жетіспеушілігі.** Жас мамандар саланың тартымдылық деңгейінің төмен болуына байланысты (еңбек жағдайлары ауыр, механикаландыру деңгейі төмен, инфрақұрылымы нашар және жалақысы төмен), бұл салада жұмыс істеуге ұмтыла қоймайды. Статистика комитетінің деректері бойынша, 2017 жылы өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы салаларында жұмыскерлерге деген қажеттілік (бос орындарды бірге есепке алғанда) 974 адам құраған.
- **Маусымдылық.** Өртүрлі маусымда ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін әртүрлі еңбек көлемі қажет болады. Осының нәтижесінде жұмыс күшіне деген әрқелкі қажеттілік туындайды. Маусым кезеңінде 1,4 млн адам, ал қалған уақытта — 1,2 млн жуық адам жұмыс істейді.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ

- **Өндіріс тиімділігі және техникамен қайта жарақтандыру,** өндірістің жаңа өнім түрлерін игеру жылдамдығы және инновациялық агротехнологияларды тарту.
- Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің **технологиялық деңгейін арттыру** қашанда болсын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің сұранысын арттыруға алып келеді.
- **Жаңа технологияларды, инновацияларды енгізу.** АӨК дамыту бағдарламасы шеңберінде мемлекет агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарында ИТ-технологиялардың дамуын, инновациялық технологиялардың енгізілуін, технологиялық процестердің автоматтандырылуын қуаттайды, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізеді.

- **Материалдық-техникалық базаның жағдайы.** Амортизация мерзімінен тысқары ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарының жартысынан көбі пайдаланылады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша, бүгінгі таңда АШТӨ қолдарындағы бар тракторлар мен комбайндардың көпшілік бөлігінің пайдалану мерзімі 10 жылдан асады.
- **Импорттық техникаға тәуелділік.** Отандық АӨК-нің шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларын жеткізуге тәуелділігі сөзсіз қауіп-қатерге айналды. Осылайша, ҚР АШМ ақпараты бойынша, 2006 жылы фермерлердің сатып алған импорттық тракторларының меншікті салмағы 65,1 % құрады, астық жинайтын комбайндардікі — 23 % жуық, ал жекелеген аймақтар бойынша сәйкесінше — 70 % және 40 % құрады.



«Ағымдағы жылы көп жұмыс атқарылды! Мақтанарлық нәрсе бар! Жоғары нәтижелер көрсетуге мүмкіндік берген әріптестерімнің аянбас еңбегі үшін оларға алғысымды білдіремін. Өз істеріне, Компанияға берілгендіктері үшін клиенттерімізге рахмет. Сіздер бізді жақсырақ етесіздер».

Басқарма Төрағасы,
К. Избастин

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ 2017 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ



АӨК дамытуға 44,7 млрд. теңге инвестиция салынды.



40,2 млрд. теңге сомасына 2 400 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтар лизингке берілді.



Бүкіл Қазақстан бойынша 17 инвестициялық жоба пайдалануға берілді



Компанияның көрсеткен қызметіне клиенттердің қанағаттанушылық индексі 92,9 % құрады



Таза табысы 3 572 млн. теңге құрады



Компанияның 369 қызметкері оқудан өтті



Лизинг бойынша пайыздық мөлшерлеме 2,8 %-ға төмендетілді



Өтінімдерді қарау мерзімі 8 жұмыс күнге азайтылды




326 жұмыс орыны құрылды

Менеджмент есебі:

БАСТЫ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА ОТЫРЫП


2000–2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ

МЛРД ТЕҢГЕ




2000–2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

● Бюджет
● ҚР Ұлттық қоры
● Бюджеттен тыс



2000-2017 ЖЖ. А/Ш ТЕХНИКАСЫ МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



ТРАКТОРЛАР

2014	1 477 бірл.	11,1 млрд. теңге	2016	962 бірл.	11,9 млрд. теңге
2015	1 334 бірл.	10,7 млрд. теңге	2017	788 бірл.	9,4 млрд. теңге
Барлығы		11 683 бірл.	Барлығы		75,6 млрд. теңге

2000-2017 жылдары қаржыландырылды

39,6

мың бірл. техника мен жабдық

440,7

млрд теңге

сомасына



ЕГІС КЕШЕНДЕРІ

2014	130 бірл.	3,2 млрд. теңге
2015	52 бірл.	1,8 млрд. теңге

ТҰҚЫМ СЕПКІШТЕР

2014	56 бірл.	0,1 млрд. теңге
2015	103 бірл.	1,5 млрд. теңге
2016	104 бірл.	2,8 млрд. теңге
2017	124 бірл.	1,7 млрд. теңге
Барлығы	2 046 бірл.	8,7 млрд. теңге

2016	56 бірл.	1,3 млрд. теңге
2017	31 бірл.	0,5 млрд. теңге

Барлығы	1 184 бірл.	43,8 млрд. теңге
----------------	--------------------	-------------------------

КОМБАЙНДАР

2014	735 бірл.	21,7 млрд. теңге
2015	594 бірл.	19,2 млрд. теңге
2016	490 бірл.	24,1 млрд. теңге
2017	283 бірл.	16,9 млрд. теңге
Барлығы	9 804 бірл.	189 млрд. теңге

ЖАБДЫҚ

2014	89 бірл.	10,7 млрд. теңге
2015	92 бірл.	16 млрд. теңге
2016	33 бірл.	4 млрд. теңге
2017	24 бірл.	3,8 млрд. теңге
Барлығы	452 бірл.	56,9 млрд. теңге



ӨЗГЕ ТЕХНИКА

2014	2 107 бірл.	10,8 млрд. теңге
2015	2 020 бірл.	8,2 млрд. теңге
2016	1 474 бірл.	11,7 млрд. теңге
2017	1 150 бірл.	7,8 млрд. теңге
Барлығы	14 404 бірл.	66,7 млрд. теңге

2017 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА 44,7 МЛРД. ТЕҢГЕ
 «ИНВЕСТИЦИЯЛАНДЫ, ОЛАРДЫҢ ІШИНДЕ 40,2 МЛРД ТЕҢГЕ
 2 400 БІРЛІК АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАСЫН ЖӘНЕ
 ЖАБДЫҚТАРЫН САТЫП АЛУҒА ЖӘНЕ ЛИЗИНГКЕ БЕРУГЕ
 БАҒЫТТАЛДЫ.»

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ
 «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ЕГІН
 ЖИНАУ ЖҰМЫСТАРЫ ҮШІН

891

БІРЛІК ТЕХНИКАНЫ
 САТЫП АЛУҒА

20,7

МЛРД. ТЕҢГЕ

ҚАРЖЫ
 ЖҰМСАДЫ

«Қазагроқаржы» АҚ
 басқарушы директоры —
 басқарма мүшесі
 М. Серғалеев



Сұхбат

ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙТІН ЛИЗИНГ

— 2017 жылы Компания үшін негізгі міндет не болды?

— Компания инвестицияның 90 %-н осы салаға жұмсай отырып, қызметін ауыл шаруашылығы техникаларының және жабдықтардың лизингісіне акценттеді. Бұл ретте, Компания жаңа инвестициялық жобаларды қарауды аяқтады, қаржыландыру енді тек мақұлданған жобалардың шеңберінде ғана жүзеге асырылады.

2017 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға 44,7 млрд. теңге инвестиция салды, оның 40,2 млрд. теңгесі 2 400 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды сатып алып, лизингке табыстауға жұмсалды. Бүкіл қызмет кезеңінде Компания 440,7 млрд. теңге сомасына 39 573 бірлік техниканы лизингке берген.

Белгілеген мақсаттарына жету үшін, 2018 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ техниканы сатып алуды қаржыландыру көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бекітілген АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2018 жылы еліміздің машина-трактор паркін жаңарту деңгейі 2,2 % құрайтын болады, ал өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 1,6 % жуық болған.

— Фермерлердің көктемгі-дала жұмыстарын жүргізуіне компания қалай қолдау көрсетеді?

— Аграршылар үшін көктемгі-дала жұмыстарын жүргізуге дайындық — жауапты міндет: көктемгі егісті сапалы түрде әрі оңтайлы агротехникалық мерзімде жүргізу қажет. Бүкіл іс-шараларды кешенді түрде орындамай бітік өнім алу мүмкін емес. Көктемгі-дала жұмыстарын мерзімінде әрі тиімді жүргізудің басты факторлары кадрлардың, сапалы тұқымдық материалдың, минералдық тыңайтқыштардың болуы, ЖЖМ қамтамасыз етілуі, сонымен бірге, әрине, техниканың дайын болуы. Сондықтан, жеткізілім мерзімдерін ескере отырып, тұқым себуді уақытында бастау үшін, дер кезінде қаржыландыру алуға өтінім беру өте маңызды.

Компания көктемгі-дала жұмыстарын жүргізуге қазақстандық аграршыларға 13,7 млрд. теңге сомасына 1 163 бірлік техниканы, маусымаралық жұмыстар үшін — жалпы құны 2,1 млрд. теңгеге 308 бірлік техниканы лизингке берді.

— Егін жинау жұмыстарын қаржыландыру кезінде қандай ерекшеліктерді ескеру қажет?

— Егін жинау жұмыстарын мерзімінде жүргізу үшін, техника мен элеваторлардың материалдық-техникалық базасын дайындау мәселесін уақытында шешу қажет. Шыққан өнімді ысырапсыз әрі оңтайлы агротехникалық мерзімде жинап алу үшін, өнімділігі жоғары техника қажет. Сондықтан, фермерлер неғұрлым комбайндар паркін жаңартуға тырысады. Осылайша, егін жинау кезінде орташа астық ысырабы техниканың түрі мен жағдайына қарай 1 %-дан 4 % дейін құрайды.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ ағымдағы жылы егін жинау жұмыстарына 20,7 млрд. теңге сомасына 891 бірлік техниканы сатып алуды қаржыландырды. Ағымдағы жылы қазақстандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне лизингке 287 комбайн, 115 дестелегіш, 203 тайлағыш-жинағыш және т.б. табыс етілді. Бұл ретте, ағымдағы жылы егін жинау техникаларының көпшілігі Батыс Қазақстан облысымен іске қосылған — жалпы сомасы 529,5 млн. теңгеге 177 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы.

Тұтас алғанда, берілген комбайндар 9,5 млн. га егіс алаңын қамтиды.


— Компания техника паркін жаңартуға қолдау жасау үшін қосымша қандай шараларды қолданады?

— 2017 жылы алға қойылған міндеттерді орындау және Компания өнімдерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында, Компания Қазақстанның машина-трактор паркін дамыту мен жаңғыртудағы ынтымақтастық мәселесі бойынша бірқатар қазақстандық ауыл шаруашылығы машинасын жасаушылармен уағдаластыққа қол жеткізді. Отандық машина жасаушылармен 9 келесімге, олардың ішінде 2 ұш жақты және 7 екі жақты келісімдерге қол қойылды.

Сонымен қатар, «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2018 жылдың басында клиенттердің тұтынушылық сұранысына бағдарланған бірқатар жаңа лизингтік өнімдерді іске қосты.

Сонымен бірге, Компания техниканы лизингке алу процедурасын оңайлатумен, құжаттар пакетін қысқартумен, өтінім тапсыру үшін онлайн-жүйе және лизинг заттарының мониторингін енгізумен үздіксіз жұмыс істейді.

КЛИЕНТТЕРДІҢ АЙМАҚТАР МЕН ӨЛШЕМДІЛІГІ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ



• Операциялық қызмет нәтижелері

• Операциялық қызмет нәтижелері

Инвестициялық жобаларды іске асыру

• Инвестициялық жобаларды іске асыру



«2017 жыл Компания үшін инвестициялық жобаларды қаржыландыру бөлігінде қорытындылаушы жылға айналды. Ұлттық қор қаражатынан 8 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп, бүкіл республика бойынша 16 жобаны қаржыландыруға жұмсалды.

Компанияның қаржылай қолдауының арқасында жобалардың іске асырылуы ойдағыдай өтуде, және таяу арада олар іске қосылатын болады, осылайша, республиканың азық-түлік белдеуін нығайта түседі және жаңа жұмыс орындарын құратын болады.

Сонымен бірге, 2017 жылы бюджеттен тыс қаражат есебінен 36,5 млрд. теңге сомасына 2 362 бірлік техниканы сатып алуымыздың сәті түсті».

Лизингтік жобалар
департаментінің директоры
Б. Сәбитов

2017 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ ПАЙДАЛАНУҒА



Соның ішінде:

- 4 АСТЫҚ ҚОЙМАСЫ **50** мың тонна өнімге
- 2 600 БАС МАЛҒА АРНАЛҒАН 3 МАЛ БОРДАҚЫЛАУ АЛАҒЫ **3,2** мың тонна етке
- АЛАҒЫ 13,5 ГА 3 ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ **7,3** мың тонна өнім жылына

АЛАҒЫ 40 ГА ЖЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ БОЙЫНША 1 ЖОБА

419 тонна өнімге

1 КӨКӨНІС ҚОЙМАСЫ

1,3 мың тонна өнімге

ҚУАТЫ 28,5 ГА АЛАҒДАҒЫ 1 ҚАРҚЫНДЫ БАҚША

1,4 мың тонна өнімге

200 БАС ІҚМ АРНАЛҒАН 1 ТАУАРЛЫ-СҮТ ФЕРМАСЫ

1900 тонна сүтке


1 РЕПРОДУКТОР

197 бас малға

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ҚАЙТА ӨНДЕУ БОЙЫНША 2 ЖОБА

Барлығы 2007-2017 жылдар аралығындағы кезеңде жалпы сомасы 248,8 млрд. теңгеге 454 жоба пайдалануға берілген (компанияның қаржыландыру сомасы – 181,1 млрд. теңге).

БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖОБАЛАР




• Инвестициялық жобаларды іске асыру

Іске асырылған жобалардың географиясы

• Инвестициялық жобаларды іске асыру

• Инвестициялық жобаларды іске асыру



Стратегияны іске асыру

КОМПАНИЯНЫҢ 2017–2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫМЕН 3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ, 3 МАҚСАТ, 10 МІНДЕТТІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ, СОНДАЙ-АҚ 7 ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ЖЕТУ КӨЗДЕЛГЕН.

• Стратегияны іске асыру

2017 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАНҒАН МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРГЕ, СОНДАЙ-АҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН

1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

МАҚСАТЫ

Тәуекелдің жарамды деңгейі сақталған кезде қызмет табыстылығын арттыру арқылы Компанияның ұзақ мерзімді акционерлік құнын ұлғайту.

ҚНҚ

ROA, ROE және NPL көрсеткіштері толық көлемде орындалды.



2017 жылы Компания жоспарлы қаржы көрсеткіштерін асыра орындап шықты, бұл инвестициялық тартымдылықты арттырумен жүргізілген жұмыс шеңберіндегі басты артықшылықтардың бірі болып табылады. Таза табыстың болжамды мәндерден асып түсу деңгейінің салдарынан рентабельдік көрсеткіштері едәуір көтерілді.

Сонымен бірге, меншікті капитал мен активтерді пайдалану тиімділігін арттыру үшін, Компания уақытша бос ақшаны басқару процесін үнемі жетілдіріп отырады. Сондай-ақ аталған міндетті іске асыру шеңберінде Компания 2017 жылы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі мен ішкі бақылау жүйесін жетілдірді.

Өткен жылы Компания ішкі және сыртқы нарықтарда тиімді қаражат тартуды жүзеге асырды, бұл Компанияның негізгі қызметін — техника мен жабдықтың лизингін жүзеге асыру үшін бюджеттік қорландырудан толығымен бас тартуға мүмкіндік берді. Бұл ретте, Қазақстан қор биржасында борышқорлық бағалы қағаздар шығару және қаржы институттарымен кредиттік келісімдер жасау сияқты әртүрлі қаражат тарту құралдары пайдаланылған болатын.

Бұл ретте, активтер жоспарланғаннан азырақ көлемде болды. Актив

мөлшерінің төмендеуі Компанияның инвестициялар көлемінің азаюымен түсіндіріледі, бұл несиелік қоржынының азаюын туындатты. Сонымен бірге, несиелік қоржынының азаюына негізгі борыштың жоспарланғаннан гөрі үлкен көлемде өтелуі әсер етті.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның несиелік қоржыны 237,4 млрд. теңге құрады, бұл 2016 жылдың осыған ұқсас көрсеткішінен 25,8 млрд. теңгеге немесе 9,8 % төменірек. Несиелік қоржынының азаюы бірқатар клиенттердің негізгі борыш бойынша берешектерін мерзімінен бұрын, соның ішінде қарыздарды қайта қаржыландыру арқылы өтеуіне байланысты, сондай-ақ Компанияның тек қана лизингтік бағыттарды қаржыландыруға көшу себебінен 2016 жылға қарағанда (33,7 %-ға), 2017 жылы инвестициялардың жалпы санының азаюына байланысты болды.

Алайда, 2017 жылы Компанияның несиелік қоржынының азаюына қарамастан, мерзімі өткен берешектер деңгейі пайыздық мәнде несиелік қоржыны көлемінен төмендеуді жалғастырды (2016 жылғы NPL 1,3 %-ға төменірек). Абсолюттік мәнде Компанияда мерзімі өткен берешектер көлемі 8 млрд. теңгеге төмендеді, бұдан несиелік қоржынының сапасымен атқарылған тиімді жұмысты көруге болады.



«Несие қоржынының сапасын арттыру «Қаз-АгроҚаржы» АҚ қызметіндегі негізгі мақсаттардың бірі болып табылады.

Көптеген жылдар бойы байқалып келе жатқан дүние жүзілік қаржы дағдарысы, қорландыру құнының жоғарылауы, ұлттық валютаның әлсіреуі және тағы да басқа осындай сыртқа факторлар тек кредиторлардың қаржылық жай-күйіне ғана емес, сондай-ақ қаржы институттарының қарыз алушыларына да, көбінесе агроөнеркәсіп кешенінің субъектілеріне де теріс әсерін тигізеді.

Сонымен бірге, Компанияның Даму стратегиясының өзгеруіне байланысты инвестициялық бағыттар бойынша қаржыландырудың аяқталуы несиелік қоржыны мөлшерінің азаюына әсер етті.

Жоғарыда аталған факторларға қарамастан, Компания үлкен жұмыс жүргізді, соның нәтижесінде жұмыс несиелік қоржынының сапасы нашарламады».

Оңалту және проблемалық жобалар департаментінің директоры
А. Әшірбеков

• Стратегияны іске асыру

Клиенттер үшін көрсетілетін қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында, Компания 2017 жылғы 31 шілдеде лизингке техника мен жабдық беру үшін бюджеттан тыс көздер бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендетті.

Қызмет көрсету процесінің ыңғайлылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін, 2017 жылғы қараша айдан бастап Кредиттік өтінімдерді жинау және өңдеу жүйесі жұмысқа қосылды, бұл жүйе Компанияның көрсететін қызметін үйден шықпай-ақ, онлайн алуға өтінім беруге, сондай-ақ өзінің «Жеке кабинеті» арқылы өтінім қарау процесін қадағалап отыруға және кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Компанияның қызметі мен көрсететін қаржы қызметтері туралы нақты және ықтимал клиенттердің хабардарлығын ұлғайту үшін, Компания 2017 жылы жарнамалық және пиар-стратегия бойынша белсенді жұмыс жүргізді. Ауыл шаруашылығы бойынша қазақстандық ең ірі көрмелерге қатысты, оңтүстік және орталық аймақтарда ашық есік күндерін өткізді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат

• Стратегияны іске асыру

2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.

**КӨРСЕТИЛЕТІН ЛИЗИНГТІК
ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ
ДАМУ**

МАҚСАТЫ

Қазіргі бар клиенттердің бейімділігін арттыру және 2026 жылға қарай клиенттердің жалпы санын 1,5 есе көбейте отырып, жаңа клиенттерді тарту.

ҚНҚ

Қазіргі бар қызмет пайдаланушылардың саны, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтың лизинг көлемі, сондай-ақ көрсетілетін қызметке қолжетімділік деңгейі және клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі бойынша көрсеткіштер толық көлемде орындалды.

«Қазагроном» ЖШС



құралдарында және әлеуметтік желілерде Компанияның көрсететін қызметтерін жылжыту бойынша бірқатар іс-шараларды іске асырды.

Сонымен бірге, Компанияның көрсететін қызметінің сапасын арттыру мақсатында, 2017 жылы лизингке табысталған ауыл шаруашылығы техникасының және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жабдықтарының бар болуын және олардың техникалық жай-күйін қашықтықтан автоматтандырылған түрде тексеріп қарау үшін 1С ERP базасында Лизинг заттарын түгендеу жүйесі әзірленіп, іске қосылды.

Қызмет сапасын үнемі арттырып, оның қолжетімділігін қамтамасыз ету Компанияның клиенттер саны бойынша және лизингтік қаржыландыру көлемі бойынша жоспарларды асыра орындауына мүмкіндік берді. 2017 жылдың соңына Компанияның қоржынындағы клиенттердің саны бір-ақ сәтте 6 548 жетті.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде, 2017 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген тәуелсіз зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, Компанияның көрсеткен қызметінің сапасына клиенттердің қанағаттанушылығында, өткен зерттеумен салыстырғанда, өсу үрдісі байқалады. Оң жауаптардың орташа пайызы 2016 жылғы 93,5 %-дан 2017 жылғы зерттеудің қорытындысы бойынша 97,2 %-ға көбейді. Теріс жауаптардың орташа пайызы осы кезеңге 6,0 %-дан 2,8 %-ға дейін азайды. 2017 жылы Компанияның көрсеткен қызметіне жалпы қанағаттанушылық деңгейі, 2016 жылмен салыстырғанда, 4,2 %-ға өсіп, 93 % құрады.

2017 жылдың соңында лизингтік қызметтер нарығына талдау жасалды, сондай-ақ Компанияның аймақтық филиалдарының ұсыныстары қаралды. Аталмыш зерттеулер 2018 жылы іске қосылған жаңа өнімдер желісіне негіз болды.

3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.

**КОРПОРАТИВТІК
ДАМУ**

МАҚСАТЫ

**Компанияның
корпоративтік басқару
жүйесін жетілдіру.**

ҚНҚ

**2017 жылдың қорытындысы
бойынша корпоративтік басқару
рейтингі жоспарланған деңгейге
сәйкес келеді.**

негізде Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау туралы есебін қарап отырады. Осылай, Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 4 шешімімен 2017 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау туралы есебі қаралды және назарға алынды.

Компанияда корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты мұдделі тараптардың назарына жеткізу жұмысы «бір терезе» қағидаты бойынша, яғни Қазақстан қор биржасының және Қаржылық есептілік депозитариясының интернет-ресурстарына, сондай-ақ Компанияның корпоративтік интернет-ресурсына www.kaf.kz және «ҚазАгро» холдингі» АҚ порталына www.kazagro.kz/kaf орналастыру арқылы бір құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылы алғаш рет 2017 жылдың нәтижелері бойынша «Эксперт РА Қазақстан» рейтингілік агенттігімен корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы жүзеге асырылды. Басқару сапасының рейтингін беру туралы есепке сәйкес, Компанияға «Дамыған корпоративтік басқару тәжірибесі» БСР 7 рейтингі берілді, бұл «Компания корпоративтік басқару саласындағы қазақстандық заңнаманың талаптарын сақтайды және халықаралық озық корпоративтік басқару тәжірибесінің жекелеген ұсыныстарына сүйенеді. Компания басқару сапасына байланысты меншік иелерінен айырылу бойынша төмен тәуекелдерімен сипатталады» дегенді білдіреді.

• Стратегияны іске асыру

Корпоративтік басқаруды дамыту Компания қызметінің тиімділігіне, сондай-ақ алға қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру барысында басқару органдарымен қабылданып шешімдердің сапасына айтарлықтай әсер етеді. Жыл сайын Компания корпоративтік басқару диагностикасын жүргізіп отырады.

Үздіксіз корпоративтік даму мақсатында, Компания Корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің 2016-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асырады, қажет болған жағдайда, бұл жоспар жыл сайынғы диагностиканың нәтижелеріне байланысты өзектендіріледі. Осылайша Компания корпоративтік басқару деңгейінің ықтимал төмендеуіне әсерін тигізуі мүмкін анықталған факторларға дер кезінде жауап қатуға тырысады, сондай-ақ әлемдік тәжірибедегі ең соңғы өзгерістерге сүйенеді.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде Директорлар кеңесі жыл сайынғы



«Қазақстанның жылыжай технологиялары» ЖШС

Қаржы- экономикалық нәтижелері



«Компанияның қаржы стратегиясы ауыл шаруашылығы саласында көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қаржылық орнықтылық пен нарықтық тартымдылықты арттыру болып табылады. Компания әртараптандырумен, құнды төмендетумен және нарықтық қорландыру құралдарының үлесін ұлғайтумен жұмыс істеуді жалғастыруда».

**Басқарма Төрағасының
Бірінші орынбасары
А. Сейтқасымова**

млн теңге	2017	2016
Активтер		
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	41 239	22 990
Клиенттерге берілетін кредиттер	45 067	54 842
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	183 288	197 402
Қаржылық жалгерлікке арналған мүлік	5 132	5 292
Негізгі құралдар	1 040	1 011
Басқа активтер	7 047	5 246
Барлық активтер	282 813	286 783

млн теңге	2017	2016
Міндеттемелер		
Акционердің алдындағы берешек	75 539	85 639
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	40 430	39 556
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	46 969	46 841
Басқа міндеттемелер	17 090	15 379
Барлық міндеттемелер	180 028	187 415

Меншікті капитал	102 785	99 368
ROA	1,25	1,13
ROE	3,53	3,31
Бір жай акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)	1 234,41	1 196,94

Компания ауыл шаруашылығындағы табысты қызметін одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруда, соның нәтижесінде оның нарықтық жайғасымы

күшейіп, ал қаржы көрсеткіштері Компанияның қаржылық орнықтылығы мен біртіндеп дамуын қамтамасыз ете отырып, жылдан жылға жақсара түсуде.

млрд. теңге	2017	2016	2017 год в % к 2016 году
Табыстар, барлығы	28,64	27,15	105,5%
<i>соның ішінде:</i>			
сыйақы түріндегі табыстар	27,11	25,31	107,1%
Шығыстар, барлығы	25,13	24,42	102,9%
<i>соның ішінде :</i>			
сыйақы бойынша шығыстар	14,23	12,37	115,6%
резервтерді құру бойынша шығыстар	3,42	6,14	55,8%
КТС	-0,07	-0,5	13,1%
Таза табыс	3,57	3,23	110,6%

1 ЖОҒАРЫ КАПИТАЛДАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ

Теңгерім құрылымындағы меншікті капитал үлесі Компания активтерінің 36 % құрайды, бұл Жалғыз акционер тарапынан күшті қолдаудың болуы, Компанияның пайдалы қызметі және түрлі қаржылық тәуекелдерді сіңіру қабілетінің жоғары болуы жөнінде куәландырады. 2017 жыл ішінде Компания 3,57 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда тапты.

2 ӨТІМДІЛІКТІҢ ҚОЛАЙЛЫ ДЕҢГЕЙІ

Компания несие қоржынының тұрақты өсуін, сондай-ақ кредиторлардың алдындағы міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін, өтімді қаражаттардың жеткілікті деңгейін ұстап тұрады. 2018 жылдың 01 қаңтарына өтімді активтердің үлесі 14,6 % құрады.

3 ЖОҒАРЫ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГ

2018 жылғы 19 сәуірде Fitch Ratings ұзақ мерзімді рейтингті BB+ деңгейінде растады, бұл тәуелсіз рейтингтен екі деңгейге төмен. Жоғарғы рейтинг, Fitch Ratings көзқарасынша, Қазақстан Үкіметі қолдау көрсетуге дайын екендігіне байланысты, бұл ретте жоғары буферлік капитал қорының қажеттілігіне, оның орташа мерзімді перспективадағы екіұштылығына байланысты берілген.

4 ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТИІМДІ БАСҚАРУ

Компанияда кредит тәуекелін, нарықтық тәуекел мен өтімділік тәуекелін дер кезінде айқындап алуға, сенімді түрде бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.

5 ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ НОРМАТИВТЕРДІ САҚТАУ

Өзінің бүкіл қызмет тарихында Компания Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген пруденциялық нормативтерді бұзушылықтарға жол бермеген. Барлық коэффициенттер бойынша елеулі қорлар бар.

6 МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ

Компания қорландыру құралдарымен қатар, қорландыру көздерін де әртараптандыруға тырысады. Міндеттемелер құрылымында нарықтық қорландыру үлесі көбейеді. Бұл ретте, Компания қорландыру базасын одан әрі ұлғайтуды көздейді. Жоғары кредиттік рейтинг, сондай-ақ тиімді операциялық қызмет Компанияға нарықтық мөлшерлеменің төмендеуінің ізінше қорландыру құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Болашаққа көзқарас

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ келешекте өзінің қызметін толығымен тартылған қаражаттар есебінен және бюджеттік қаржыландырусыз жүзеге асыратынын, сондай-ақ Қазақстанның лизинг нарығындағы бәсекелестіктің ықтимал өсуін ескере отырып, Компания клиенттер ағынын арттыру үшін, өзінің бәсекелік (тәжірибесі мен жоғары құзыреті

сияқты) артықшылықтарын пайдалана отырып, клиентке бағдарланған стандарттар мен жаңа қаржыландыру механизмдерін әзірлеп енгізуге тиіс.

Компанияның клиентке бағдарланған тәсілдемелері клиенттердің қажеттіліктерін білуге, қызмет көрсету сервисін жақсартуға және уақытша шығындарды оңтайландыруға негізделуге тиіс. Негізгі міндеттер клиенттердің санын ұлғайту және олардың қанағаттанушылық деңгейін өсіру болып табылады.

Клиенттер санын өсіру клиенттер үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін, лизингтік қызметтің сапасын арттыру арқылы, сондай-ақ Компанияның өнімдер желісін ұлғайту және дамыту арқылы қамтамасыз етілетін болады. Тұтынушылық сұранысқа бағдарлана отырып, көрсетілетін лизингтік қызметті жетілдіру мен дамыту, қолданыстағы клиенттердің бейілділігін арттыруға және жаңа клиенттерді тартуға, сондай-ақ Компанияның отандық аграршыларды қолдауға қосқан құнды үлесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаппай сандық жүйеге көшіруге байланысты соңғы жылдардың трендтерін ескере отырып, Компания өзі үшін қосымша мүмкіндіктерді көреді. Атап айтқанда, өтінімдерді қабылдау мен қадағалаудың электрондық жүйесіне толығымен көшу және лизинг заттарын автоматтандырылған есепке алу үшін «Лизинг заттарының мониторинг» атты мобильді қосымшасын енгізу жоспарлануда.

Бизнес-процестерге оңтайландыру жүргізу, өтінімдерді қарау процедуралары мен мерзімдерін жеңілдету, қажетті құжаттар санын азайту, өнімдер желісін ұлғайту және дамыту, клиентке бағдарланған тәсілдеме енгізу көрсетілетін лизингтік қызметтің сапасына клиенттердің қанағаттанушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Ақпаратты тарату арналарын кеңейту, Компанияның жарнамалық стратегиясын қайта қарау өңірлік қамтуды және фермерлер үшін Компанияның көрсететін қызметінің қолжетімділігін барынша арттыруға мүмкіндік береді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқару жүйесін тұрақты дамыту — Компанияның акционерлік құнының тұрақты өсуін қамтамасыз етудің және қазіргі әрі ықтимал инвесторлар, серіктестер, клиенттер үшін инвестициялық тартымдылықты арттырудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады, бұл оны бәсекелі ортаға беру жағдайында ерекше маңызды.

Компанияны диагностикалау нәтижелері бойынша, корпоративтік басқару рейтингі 7 деңгейге жетті. Сонымен бірге, диагностиканың қорытындысы бойынша, өсу аймағы және одан әрі даму үшін мүмкіндіктер анықталды. Компания менеджмент жүйесін корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесінің әлемдік стандарттарына сәйкес келтіру арқылы корпо-

ымдастыру, бұл стратегиялық және операциялық мақсаттарға жетудің маңызды факторы болып табылады. Менеджмент жүйесі тәуекелдерге тез жауап қатуға, негізгі және көмекші бизнес-процестерді, Компанияның күнделікті операцияларын бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Тиімді кадрлық саясаттың жүзеге асырылуы Компанияның дамуына және оның тиімділігін арттыруға елеулі үлес қосуға қабілетті жоғары білікті кадрлар құрамын ұстап қалуға және тартуға, сондай-ақ адам ресурстарына салынған инвестициядан барынша ықтимал қайтарым алуға мүмкіндік береді.

Компания кредиттік рейтингті сақтап қалуға және кредит өтеу қабілетін ұстап тұруға бағытталған іс-шараларды жүргізеді, бұл кредиторлар тарапынан сенімді сақтауға

АҚПАРАТТЫ ТАРАТУ АРНАЛАРЫН КЕҢЕЙТУ, КОМПАНИЯНЫҢ ЖАРНАМАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЙТА ҚАРАУ ӨҢІРЛІК ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ФЕРМЕРЛЕР ҮШІН КОМПАНИЯНЫҢ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН БАРЫНША АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

ративтік басқару деңгейін арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуді одан әрі жалғастыруға тиіс. Корпоративтік басқаруды дамыту Компанияның тиімді қызметін жақсартуға елеулі әсер етеді және танылған әлемдік стандарттарға сәйкес жұмыс істейтін табысты компанияға айналуына мүмкіндік береді.

Міндеттердің бірі — тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мен ұй-

септігін тигізеді, сондай-ақ тартылған қаржы қаражаттарының құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Алға қойылған міндеттерді орындау бойынша кешенді жұмыс, ақыр аяғында Компанияға өзінің бәсекелік артықшылықтарын күшейтуге, стратегиялық инвесторды тартуға, сондай-ақ Акционердің мүддесін қамтамасыз ету үшін Компанияның құнын көтеруге мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқару



КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРЫЛУЫН ҮНЕМІ ЖЕТІЛДІРУ ҚЫЗМЕТТІ ЖАҚСARTУДЫҢ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі мына компоненттерден тұрады:

АДАЛДЫҚ



«ҚазАгроҚаржы» АҚ Акционердің құқығын қорғайды және оның құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда пәрменді шаралар қолданады.

ЖАУАПҚЕРШІЛІК



«ҚазАгроҚаржы» АҚ Акционердің заңды құқықтарын тануды қамтамасыз етеді, Компанияның қаржылық әл-ауқаты мен тұрақтылығы мәселелерінде Компания мен Акционердің арасындағы ынтымақтастықты қуаттайды.

ЕСЕП БЕРУГЕ МІНДЕТТІЛІК



«ҚазАгроҚаржы» АҚ Компанияның атқарушы органының Директорлар кеңесіне есеп беруін және Директорлар кеңесінің Акционерге есеп беруін қамтамасыз етеді.


АШЫҚТЫҚ



«ҚазАгроҚаржы» АҚ мүдделі тұлғалардың шешіміне ықпал етуі мүмкін барлық маңызды мәселелер бойынша ақпараттың уақтылы және сенімді ашылуын қамтамасыз етеді.

Даму департаментінің директоры
З. Ахмеджанова

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



Корпоративтік басқару рейтингі

«ЭКСПЕРТ РА ҚАЗАҚСТАН» РЕЙТИНГІЛІК АГЕНТТІГІ» ЖШС ТӘУЕЛСІЗ САРАПШЫСЫ ЖҮРГІЗГЕН ДИАГНОСТИКАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША, КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ «ДАМЫҒАН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕСІ» 7 ДЕҢГЕЙІНЕ ЖЕТТІ.

Басқару сапасының рейтингін беру туралы есепке сәйкес, мынадай теріс және оң факторлар анықталды:

ОҢ ФАКТОРЛАР

- шоғырландырылған меншік құрылымы («ҚазАгро» ҰБХ» АҚ компанияның капиалындағы үлесі 100 %);
- атқарушы органның қызметін ұйымдастырудың жоғары деңгейі;
- тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастырудың жоғары деңгейі;
- Директорлар кеңесін ұйымдастырудың жоғары деңгейі;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін ұйымдастырудың жоғары деңгейі;
- ақпаратты ашудың жоғары деңгейі;
- қаржы қызметінің жоғары нәтижелері;
- кредит өтеу қабілетінің жоғары деңгейі;
- ішкі аудит жүйесін ұйымдастырудың жоғары деңгейі;
- корпоративтік хатшының қызметін ұйымдастырудың жоғары деңгейі;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті ұйымдастырудың орташа жоғары деңгейі;
- ISO 9001 сертификаттарының болуы (сапа менеджменті жүйесіне бағалау жүргізген компания компания — Intertek Total Quality Assurance).

ТЕРІС ФАКТОРЛАР

- Директорлар кеңесімен қаралатын мәмілелерге арналған жоғары критерийлер (ішкі фактор);
- аудиторларды алмастырудың болмауы (сыртқы фактор);
- әлеуметтік есептілікті дайындаудың болмауы (ішкі фактор).



«Бек» ЖШС

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау

«ҚАЗАГРО» ХОЛДИНГІ» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 29 ШІЛДЕДЕГІ № 49 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІМЕН **6 НЕГІЗГЕ АЛЫНАТЫН ҚАҒИДАТ КӨЗДЕЛГЕН**, ОНЫҢ 3 ҚАҒИДАТЫ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ САҚТАЛАДЫ, 3 ҚАҒИДАТ БОЙЫНША ІШІНАРА САҚТАЛУ БАЙҚАЛАДЫ.



1

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖӘНЕ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ ҚАҒИДАТЫ

САҚТАЛАДЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқаруы Жалғыз акционердің құқықтары мен заңдық мүддесінің қорғалуын және құрметтелуін қамтамасыз етеді әрі Компанияның тиімді жұмысына, соның ішінде Компанияның стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуі бойынша және қаржы тұрақтылығын ұстап тұруы бойынша жұмысына ықпал етеді.

Жалғыз акционер Компания Жарғысының 4-тарауымен көзделген, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес құқықтарға ие болады. Жалғыз акционермен өзара әрекеттестік Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреті және оның мүддесін қозғайтын қызмет туралы ақпарат беру тәртібі бекітілген Компанияның Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексінә сәйкес жүзеге асырылады.

2

КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ

САҚТАЛАДЫ

Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционер мен Компанияның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру қағидаттарына, парасаттылыққа, тиімділікке, белсенділікке, ұқыптылыққа, адалдыққа, дәлдікке және жауапкершілікке негізделген.

Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық және сақтық, адалдық және әділдік қағидаттарына негізделеді.

САҚТАЛАДЫ

Басқарма Компанияның міндеттерін орындау және Даму стратегиясын іске асыру мақсатында Компанияның ағымдағы жұмысына басшылық жасауды жүзеге асырады.

Басқарма ағымдағы жұмысқа басшылықты жүзеге асырады және Стратегияны, Даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қабылдаған шешімдерін іске асыруға жауап береді. 2017 жылы Компания Басқармасы туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді, онда Басқарманың құқықтары мен міндеттері айқын ажыратылды және кеңейтілді.

3

КОМПАНИЯНЫҢ ДЕРБЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ

ІШІНАРА САҚТАЛАДЫ

Компания өз қызметін дербес жүзеге асырады.

Компанияның Жарғысына сәйкес Басқарма Компанияның қызметін тиімді және нақты бақылауды жүзеге асырады әрі Жалғыз акционер мен мемлекеттің тікелей қызметке араласуына жатпайды. Жекелеген мәселелерді шешу үшін «ҚазАгро» холдингі» АҚ-мен және/немесе Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен қосымша келісу қажет болатын жағдайлар болады.

4

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУДЫҢ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ӘДІЛДІГІ ҚАҒИДАТЫ

ІШІНАРА САҚТАЛАДЫ

Жалғыз акционердің дәйекті шешімдер қабылдауын қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделі тараптардың назарына Компания қызметі туралы ақпаратты жеткізу мақсатында, Компания Жалғыз акционердің және мүдделі тараптардың алдында Компания туралы дұрыс ақпараттың дер кезінде ашылуын қамтамасыз етеді.

Ақпаратты ашу нормаларын сақтау үшін, Компания бағалы қағаздар нарығы, акционерлік қоғамдар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, лизингтік ережелерді, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қаулысын, сондай-ақ ақпаратты ашу айқындылығы саласындағы басқа да құжаттарды басшылыққа алады.

5

ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКА ҚАҒИДАТЫ

ІШІНАРА САҚТАЛАДЫ

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасымен, жалпыға бірдей қабылданған іскерлік этика қағидаттарымен, Компания Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және өзінің шарттық міндеттемелерімен қатаң сәйкестікте әрекет етеді.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына, өзінің Жарғысына, Корпоративтік басқару және этика кодексінә сәйкес әрекет етеді. Корпоративтік этика кодексі Компанияның бүкіл қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына қатысты қолданылады. 2017 жыл ішінде Компанияда Корпоративтік этика кодексінә қағидаттары мен тармақтарын бұзушылықтар анықталмаған. 2017 жылы Компанияның атына 14 талап арыз берілген, оның 2 қанағаттандырылған.

6

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАТЫ

САҚТАЛАДЫ

Компания бүкіл мүдделі тараптардың құқықтарын мойындайды және құрметтейді әрі өзінің дамуын және қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында мұндай тұлғалармен ынтымақтастыққа ұмтылады. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, өздерінің құқықтары бұзылғаны үшін мүдделі тараптардың өтемақы алуға мүмкіндігі болуы керек. Мүдделі тарап корпоративтік басқару процесінә қатысқан жағдайда, мүдделі тарап уақтылы және жүйелі негізде маңызды, жеткілікті және сенімді ақпаратқа қол жеткізуге тиіс.

Компания өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерінә құрметтелуін көздейтін Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады. 2017 жылы стейкхолдерлер картасы көрсетілген Сапа әдістері бекітілді (Басқарманың 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 33 шешімі). Сондай-ақ 2017 жылы Компания ойдағыдай ре-сертификаттаудан өтіп, ISO 9001:2015 стандартының жаңа нұсқасына көшті, бұл халықаралық сертификатпен расталды. Сонымен бірге, ақпараттың жеткілікті түрде ашылуы мақсатында, Компанияның, ҚАСЕ, ҚЕД интернет-ресурстарына мерзімді негізде әзірленетін Компанияның қаржылық есептілігі орналастырылды. Сонымен қатар, көпшілікке қолжетімді бөлігінде жыл қорытындысы бойынша қаржылық және бейқаржылық есептілік қымтылған Компанияның жылдық есептері орналасқан.

Акционермен өзара әрекеттестік

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционері «Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру бойынша іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысына сәйкес құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

Жалғыз акционермен өзара әрекеттестік Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреті және Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын қызмет туралы ақпарат беру тәртібі бекітілген Компанияның Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Компанияның дивидендтік саясаты

туралы ереже Компанияны басқаруға қатысуға байланысты Жалғыз акционердің құқықтарын, соның ішінде дивиденд алуға құқығын және таза табысты бөлуге қатысу құқығын регламенттейді. 2018 жылғы маусым айында 2017 жылдың қорытындысы бойынша Компания Жалғыз акционерге 3 572,2 млрд. теңге мөлшерінде дивиденд төледі.

Ағымдағы жылы Компания алған қойылған Мақсаттар мен қызметтің негізгі көрсеткіштер стратегиясына қол жеткізу үшін, басшылықтан бастап қатардағы мамандарға дейін міндеттерді бөлудің нақты иерархиясын қамтитын стратегиялық жоспарлаудың жаңа жүйесін әзірледі. Бұл жүйенің шеңберінде жыл сайынғы негізде Жалғыз акционердің үміті туралы хаттың және осы үміттің орындалуы бойынша есептіліктің ұсынылуы көзделген.



АКЦИОНЕРДІҢ ЕСЕП ЖЫЛЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

1. «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Жарғысын жаңа редакцияда бекіту.
2. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2016 жылғы жылдық есебін бекіту.
3. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2016 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу немесе төлемеу туралы және бір жай акцияға есебімен бір жылға төленетін дивиденд мөлшерін бекіту туралы.
4. «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.
5. «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттері туралы ережелерге өзгертулер енгізу.
6. 2017 жылға және 2018 жылға тәуелсіз директорлардың сыйақы мөлшерін, оны төлеу тәртібін және шығыстар өтемінің мөлшерін анықтау.
7. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі — заңнамамен және (немесе) Компанияның Жарғысымен Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне және Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компанияның жалпы басшылығын жүзеге асыратын басқару органы.

Директорлар кеңесінің құрамы теңдестірілген болып табылады, соның ішінде оның мүшелерінің біліктілігі, тәжірибесі, білімі мен іскерлік қасиеттері

бойынша, әрі Акционердің сеніміне ие.

Директорлар кеңесінің мүшелері мінсіз іскерлік беделге, білімге ауыл шаруашылығы саласында, экономикада және бизнесті басқаруда, сондай-ақ құқықтану саласындағы дағдыларға және тәжірибеге ие.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына 6 адам кіреді, бұл ретте Директорлар кеңесінің 3-уі тәуелсіз директорлар болып табылады.

2017 жылдың 31 желтоқсанына Директорлар кеңесінің құрамы	Шешім күні мен нөмірі	
Мұхамедияева Айгүл Стаханқызы	«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционерінің өкілі	Жалғыз акционердің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 37 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған.
Избастин Қаныш Теміртайұлы	«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы — Директорлар кеңесінің мүшесі	Жалғыз акционердің 2015 жылғы 10 қыркүйегіндегі № 59 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған.
Орынбаев Ерлан Бақытұлы	тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі	Жалғыз акционердің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 37 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған.
Машабаев Азат Еркінұлы	тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі	Жалғыз акционердің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 24 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған.
Есенеев Ербол Еркемұлы	тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі	Жалғыз акционердің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 35 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған.
Омаров Алпамыс Әміржанұлы	«ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі — Директорлар кеңесінің мүшесі	Жалғыз акционердің 2017 жылғы 20 қазандағы № 61 шешімімен Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған.



«Компания органдарының өкілеттіктерді айқындап бөлуі, шешімдерді шұғыл қабылдауы — табысты команда нәтижесі.

2017 жыл «ҚазАгроҚаржы» АҚ үшін бүкіл қызмет бағыттары бойынша тәртіпке салынған жұмыстың тиімділігін көрсетті. «ҚазАгроҚаржы» АҚ — бұл табыс командасы».

Корпоративтік хатшы
Ю. Заплата

2017 ЖЫЛҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

1. 2017 жылғы 17 сәуірдегі берілген хабарламаның негізінде мемлекеттік қызметке ауысуына байланысты, Директорлар кеңесінің мүшесі Құрманов Рүстем Жомартұлының «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуелсіз директоры — Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.
2. «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының («ҚазАгро-Қаржы» АҚ Жалғыз акционерінің) 2017 жылғы 21 маусымдағы № 35 шешімімен Есенеев Ербол Еркенұлы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі — тәуелсіз директоры болып сайланды.
3. 2017 жылғы 5 мамырдағы берілген хабарламаның негізінде басқа лауазымға ауысуына байланысты, Директорлар кеңесінің мүшесі — Жалғыз акционердің өкілі Жауымбаев Қанат Сағындықұлының «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.
4. «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының («ҚазАгро-Қаржы» АҚ Жалғыз акционерінің) 2017 жылғы 20 қазандағы № 61 шешімімен Омаров Алпамыс Әміржанұлы Жалғыз акционердің өкілі ретінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

1976 жылғы 05 тамызда туылған. Азаматтығы — Қазақстан Республикасы.



МҰХАМАДИЕВА АЙГҮЛ СТАХАНҚЫЗЫ

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің өкілі*

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2015 жылғы 17 маусымда. «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі — иелік етпейді.

Қосалқы қызметі және қазіргі уақыттағы басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі — жоқ.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі — жоқ.

БІЛІМІ

- 1997 жыл — Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, «Математика» факультеті, мамандығы — мектепте математика оқытушысы;
- 1999 жыл — Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жоғарғы мектебі (магистратура), «Математика» факультеті, мамандығы — математика магистрі;
- 2005 жыл — Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы, «Экономика және қаржы» факультеті, мамандығы — экономист-бухгалтер.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2006 жылғы қыркүйек — 2009 жылғы тамыз — Шағын және орта бизнес департаменті директорының орынбасары, «Казкоммерцбанк» АҚ, Алматы қ.;
- 2009 жылғы тамыз — 2011 жылғы мамыр — Кепілдікті қамтамасыз ету департаментінің директоры, «Казкоммерцбанк» АҚ, Алматы қ.;
- 2011 жылғы мамыр — 2014 жылғы қазан — «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары, Астана қ.;
- 2014 жылғы қараша — 2015 жылғы маусым — Бас директордың бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары, «Самұрық-Қазына» АҚ, Астана қ.;
- 2015 жылдың маусымынан бастап қазіргі уақытқа дейін — «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Астана қ.

1981 жылғы 20 сәуірде туылған. Азаматтығы — Қазақстан Республикасы.



ИЗБАСТИН ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы — Директорлар кеңесінің мүшесі

1981 жылғы 08 қыркүйекте туылған. Азаматтығы — Қазақстан Республикасы.



ОМАРОВ АЛПАМЫС ӘМІРЖАНҰЛЫ

Акционердің өкілі — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2015 жылғы 10 қыркүйекте. «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі — иелік етпейді.

Қосалқы қызметі және қазіргі уақыттағы басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі — жоқ. Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі — жоқ.

БІЛІМІ

- Ресей ИМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты; Орталық-Азия университеті.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде түрлі лауазымдарда жұмыс істеген;

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2017 жылғы 20 қазанда. «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі — иелік етпейді.

Қосалқы қызметі және қазіргі уақыттағы басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі — жоқ. Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі — жоқ.

БІЛІМІ

- 1998 жыл — «Қайнар» университеті, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті, мамандығы — халықаралық деңгейдегі экономист;
- 2002 жыл — «Қайнар» университеті, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті, дәрежесі — экономика магистрі.
- 2016 жыл — Geneva Business School университеті, дәрежесі — іскер әкімшілік магистрі (MBA).

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2002 жылғы қыркүйек — 2003 жылғы қыркүйек — «Қайнар» университетінің Жұртшылықпен байланыс бөлімінің басшысы;

- 2007 жылғы қаңтар — 2007 жылғы сәуір — «БРК-Лизинг» АҚ басқарушы директоры;
- 2007 жылғы сәуір — 2008 жылғы сәуір — «БРК-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары;
- 2008 жылғы сәуір — 2012 жылғы мамыр — «БРК-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы;
- 2012 жылғы мамыр — 2012 жылғы қараша — «ҚазЭкспортКепіл» экспорттық-несие сақтандыру корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы;
- 2013 жылғы қаңтар — 2015 жылғы қыркүйек — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры;
- 2015 жылдың қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы.

- 2004 жылғы шілде — 2007 жылғы ақпан — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Халықаралық қаржылық қатынастар департаментінің, Үкіметтік қарыздарды тарту департаментінің бас маманы;
- 2007 жылғы наурыз — 2012 жылғы шілде — «ҚазАгро» холдингі» АҚ директордың орынбасары, басқарма бастығы, Стратегия және талдау департаментінің бас менеджері;
- 2012 жылғы шілде — 2013 жылғы наурыз — «ҚазАгро» холдингі» АҚ Кредиттік өнімдерді әзірлеу департаментінің директоры;
- 2013 жылдың наурызынан бастап қазіргі уақытқа дейін — «ҚазАгро» холдингі» АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры.

1978 жылғы 06 сәуірде туылған.
Азаматтығы — Қазақстан Республикасы.



ЕСЕНЕЕВ ЕРБОЛ ЕРКЕНҰЛЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
тәуелсіз директоры —
Директорлар кеңесінің мүшесі

• Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2017 жылғы 21 маусымда.
«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі — иелік етпейді.

Қосалқы қызметі және қазіргі уақыттағы басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі — жоқ. Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі — жоқ.

БІЛІМІ

- 2000 жыл — «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік Университеті» ММ, экономист-менеджер.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2009 жылғы қараша — 2013 жылғы қараша — «EcoProductAstana» ЖШС директоры;

- 2014 жылғы мамыр — 2016 жылғы сәуір — «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының Тамақ өнеркәсібі комитеті хатшылығының хатшысы;
- 2016 жылғы сәуір — 2017 жылғы сәуір — «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының АӨК және тамақ өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары;
- 2017 жылдың сәуір айынан бастап қазіргі уақытқа дейін — «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры / АӨК және тамақ өнеркәсібі департаментінің директоры.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы — 2015 жылғы 17 маусымда, 2018 жылғы 26 маусымда.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі — иелік етпейді.

Қосалқы қызметі және қазіргі уақыттағы басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріндегі мүшелігі — жоқ. Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі — жоқ.

БІЛІМІ

- 2005 жыл — Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, экономика және менеджмент факультеті.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2008 жылғы ақпан — 2009 жылғы желтоқсан — «Жәйрем кен-байыту комбинаты» АҚ Жоспарлы-экономикалық бөлімі бастығының орынбасары;

- 2010 жылғы қаңтар — 2010 жылғы қазан — «Жәйрем кен-байыту комбинаты» АҚ, қаржы бөлімінің бастығы;
- 2010 жылғы қараша — 2012 жылғы қазан — «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы, Бюджеттік жоспарлау және қазынашылық департаментінің бас менеджері;
- 2012 жылғы қараша — 2015 жылғы сәуір «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ ішкі аудит қызметінің басшысы;
- 2015 жылдың 23 сәуір айынан бастап қазіргі уақытқа дейін — «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Корпоративтік басқару және стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры.

ОРЫНБАЕВ ЕРЛАН БАҚЫТҰЛЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
тәуелсіз директоры —
Директорлар кеңесінің мүшесі

1982 жылғы 08 мамырда туылған.
Азаматтығы — Қазақстан Республикасы.



• Директорлар кеңесі

1979 жылғы 08 маусымда туылған.
Азаматтығы — Қазақстан Республикасы.



МАШАБАЕВ АЗАТ ЕРКІНҰЛЫ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
тәуелсіз директоры —
Директорлар кеңесінің мүшесі

• Директорлар кеңесі

(Қазақстан Республикасы, Астана), есеп және аудит факультеті.

- 2001 жыл — Бремен мемлекеттік университеті (ГФР, Бремен), заң факультеті магистратурасы (LLM).
- 1996 жыл — Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (Қазақстан Республикасы, Алматы), халықаралық қатынастар факультеті, халықаралық құқық.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 1999 жылғы маусым — 2000 жылғы желтоқсан — «Банк Каспийский» ААҚ-да түрлі лауазымдар;
- 2002 жылғы қараша — 2004 жылғы мамыр — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы ЖАҚ Корпоративтік қаржыландыру департаментінің менеджері;
- 2004 жылғы мамыр — 2005 жылғы қаңтар — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Ішкі аудит қызметінің бас аудитору;
- 2005 жылғы қаңтар — 2007 жылғы қаңтар — «ҚазТрансГаз» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы, бір жылдан кейін — Ішкі аудит департаментінің директоры;
- 2007 жылғы қаңтар — 2008 жылғы наурыз — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы;
- 2008 жылғы наурыз — 2008 жылғы желтоқсан — «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Стратегия және активтерді басқару департаментінің директоры;
- 2008 жылғы желтоқсан — 2009 жылғы мамыр — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік басқару департаментінің директоры;
- 2009 жылғы мамыр — 2009 жылғы қараша — «Қазақстандық комму-

никациялар», маркетинг жөніндегі басқарушы директоры;

- 2009 жылғы қараша — 2010 жылғы мамыр — Инвестициялардың тиімділігін зерттеу жөніндегі агенттіктің бас директорының орынбасары;
- 2010 жылғы мамыр — 2012 жылғы қаңтар — «Қазтелерадио» АҚ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары, әкімшілік-стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры, — Басқарма мүшесі;
- 2012 жылғы қаңтар — 2012 жылғы қараша — «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК бас директорының бірінші орынбасары;
- 2012 жылғы қараша — 2014 жылғы қараша — «Strategy Partners Kazakhstan» ЖШС Қазақстандағы офисының басшысы;
- 2013 жылғы сәуір — 2014 жылғы қараша — «Эмбамұнайгаз» АҚ тәуелсіз директоры, Аудит жөніндегі комитет төрағасы;
- 2014 жылғы қараша — 2016 жылғы мамыр — «Қазпочта» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 2015 жылдың мамыр айынан бастап қазіргі уақытқа дейін — Қазақстан-Тәжік тікелей инвестициялар қоры» АҚ, «Қазақстан-Қырғыз тікелей инвестициялар қоры» АҚ тәуелсіз директоры;
- 2015 жылдың қазан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін — «Сарыарқа» ӘКК» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры, Аудит және стратегия комитетінің төрағасы;
- 2016 жылғы мамыр — 2016 жылғы қараша — «EASTCOMTRANS» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары;
- 2016 жылдың қараша айынан бастап қазіргі уақытқа дейін — «Қазпочта» АҚ сату жөніндегі басқарушы директоры — Басқарма мүшесі.

Директорлар кеңесінің комитеттері

• Директорлар кеңесінің комитеттері



«Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің атынан Сіздерге қошеметімді білдіремін. 2017 жыл «ҚазАгроҚаржы» АҚ үшін тиімді болғанын сенімділікпен айтуға болады. Комитет көзбе-көз тәртіпте 13 отырыс өткізіп, онда 87 мәселені қарады.

Компания Даму стратегиясының 7 қызметтің негізгі көрсеткіштерін толығымен орындауға, тәуекелдерді барынша азайтуға, 31,5 млрд. теңгеге жуық сомада қарыз қаражаттарын тартуға қол жеткізді.

2018 жылдағы біздің күш-қуатымыз инвестициялық тартымдылықты және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, сондай-ақ корпоративтік басқаруды одан әрі дамытуға бағытталатын болады».

Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер комитетінің төрағасы А. Машаев

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитеттің функциясына стратегиялық жоспарлау, инвестициялық және инновациялық қызмет, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару, есептілік, қызметті бағалау және тағы да басқа сондай мәселелер бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне беру жатады.

Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 9 шешімімен бекітілген. 2017 жылдың ішінде небары 13 отырыс өткізіліп, 87 мәселе қаралды.

КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ:

1. Машабаев Азат Еркінұлы, тәуелсіз директор — Комитет төрағасы;
2. Есенеев Ербол Еркенұлы, тәуелсіз директор — Комитет мүшесі;
3. Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор — Комитет мүшесі;
4. Абдрахманова Бақыткүл Тлеубайқызы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Қаржы департаментінің директоры — сарапшы;

5. Тұңғышбекова Жаннет Санатқызы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Стратегиялық даму департаментінің бас менеджері — сарапшы;
6. Байтеміров Ермек Серікұлы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Корпоративтік басқаруды дамыту департаментінің бас менеджері — сарапшы;
7. Қабдырахман Омар Петрович, «ҚазАгро» холдингі» АҚ кредиттік-инвестициялық қызмет департаментінің бас менеджері — сарапшы.



«2017 жылдың қорытындысы бойынша Комитет көзбе-көз тәртіпте 12 отырыс өткізіп, онда сыртқы және ішкі аудитті ұйымдастыруға байланысты 33 мәселені қарады.

Бізге жүктелген міндеттердің маңыздылығын сезіне отырып, біз сыртқы және ішкі аудиттің атқаратын қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған шараларға ерекше маңыздылық пен басымдық беруге тырысамыз.

Менің ойымша, осы уақыт ішінде біз қызмет тиімділігінде айқын прогреске қол жеткіздік, дегенмен, қалаған биіктерге жету үшін біздің алдымызда әлі де болса процестер мен бақылау құралдарының тиімділігімен атқарылатын белгілі бір жұмыстар тұр».

Ішкі аудит жөніндегі комитет төрағасы Е. Орынбаев



«2017 жылы Комитет 11 көзбе-көз отырыс өткізіп, онда қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеруге, сабақтастықты жоспарлауға және басқа да әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған 49 мәселені қарады.

Комитет мүшелерінің елеулі тәжірибесін ескере отырып, 2017 жылы жұмсалған бірлескен күш-жігер бізге сеніп тапсырылған жұмыс учаскесінде тиімді де сапалы жұмысқа қажетті негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді деп санаймын».

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитет төрағасы Е. Есенеев

ІШКІ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитеттің функциясына қаржылық есептілік, сыртқы аудит, ішкі аудит, заңнаманы, есептілікті сақтау мен қызметті бағалау және басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды алдын ала қарап, Директорлар кеңесіне ұсыну жатады.

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің құрамы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 9 шешімімен бекітілген. 2017 жылы барлығы 12 отырыс өткізіліп, 33 мәселе қаралды.

КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ:

1. Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор — Комитет төрағасы;
2. Есенеев Ербол Еркенұлы, тәуелсіз директор — Комитет мүшесі;
3. Машабаев Азат Еркінұлы, тәуелсіз директор — Комитет мүшесі;

4. Абдрахманова Бақыткүл Тлеубайқызы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Қаржы департаментінің директоры — сарапшы;
5. Байтеміров Ермек Серікұлы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Корпоративтік басқаруды дамыту департаментінің бас менеджері — сарапшы.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР, КАДРЛАР МЕН СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитеттің функциясына біліктілік талаптар, үміткерлерді бағалау, сабақтастықты жоспарлау, қызметті бағалау, сыйақы жүйесі мен басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды қарап, Директорлар кеңесіне ұсыну жатады.

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 9 шешімімен бекітілген. 2017 жылы барлығы 11 отырыс өткізіліп, 49 мәселе қаралды.

КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ:

1. Есенеев Ербол Еркенұлы, тәуелсіз директор — Комитет төрағасы;
2. Орынбаев Ерлан Бақытұлы, тәуелсіз директор — Комитет мүшесі;
3. Машабаев Азат Еркінұлы, тәуелсіз директор — Комитет мүшесі;

4. Абдрахманова Бақыткүл Тлеубайқызы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Қаржы департаментінің директоры — сарапшы;
5. Аязбеков Жан-Төре Скандарбекұлы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ HR және корпоративтік басқару департаментінің директоры — сарапшы;
6. Байтеміров Ермек Серікұлы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Корпоративтік басқаруды дамыту департаментінің бас менеджері — сарапшы.

• Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ӨЗІНІҢ ЖҰМЫСЫНДА ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ – «ҚАЗАГРО» ХОЛДИНГІ» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 13 АҚПАНДАҒЫ № 8 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ.

Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық пен сақтық, адалдық пен әділдік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді.

Директорлар кеңесінің отырысы келесі кезеңдерді қамтиды:

1 отырыстың күн тәртібін бекіту	3 күн тәртібінің мәселесін талқылау	5 дауыстарды санау және дауыс беру қорытындысын шығару
2 күн тәртібінің мәселесі бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің немесе шақырылған тұлғаның баяндамамен сөз сөйлеуі	4 күн тәртібінің мәселесі бойынша шешім тұжырымдамасы жөніндегі ұсыныстар	6 дауыс беру қорытындысы мен күн тәртібінің мәселесі бойынша қабылданған шешімді жариялау

2017 жылы Директорлар кеңесі 16 отырыс өткізді, оның 14 отырысы көзбе-көз түрде және 2 отырысы сырттай түрде өткізілген, Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша 147 мәселе қаралып, шешімдер қабылданды.

Қабылданған негізгі шешімдер келесі мәселелерге қатысты болды:

- Компанияның 2017–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау;
- Даму стратегиясы мен 2016 жылға арналған Даму жоспарын орындау жөніндегі есепті бекіту;
- Директорлар кеңесінің 2016 жылдағы атқарған жұмы-

сына бағалау жүргізу, Директорлар кеңесінің 2016 жылдағы жұмыс нәтижелерін қарау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің атқаратын қызметінің тиімділігін арттыру шараларын талқылау;

- 2017 жылға арналған Тәуекелдер тізілімін және Тәуекелдер картасын бекіту;
- Корпоративтік басқару кодексі мен Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жоспарды орындау жөніндегі есепті қолдану туралы есепті қарау;
- жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер туралы есепті қарау;
- стратегиялық жоспарлау, ақпараттық ашықтық, кредит саясаты, Компанияның қаржыландыру шарттары туралы мәселелер бойынша ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.

2017 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Аты-жөндері	Директорлар кеңесінің отырыстары	Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстары	Ішкі аудит жөніндегі комитеттің отырыстары	Әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстары
Мұхамәдиева А.С.	16			
Омаров А.Ә. (Директорлар кеңесінің құрамына сайлану күні – 2017 жылғы 20 қазанда)	3/3		Қатыспайды	
Избастин Қ.Т.	15			
Орынбаев Е.Б.	16	13/13	12/12	11/11
Машабаев А.Е.	11	6/13	6/12	6/11
Есенеев Е.Е. (Директорлар кеңесінің құрамына сайлану күні – 2017 жылғы 21 маусымда)	7/7	4/4	4/4	4/4

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес, Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады, бұл ретте бағалау үш жылда бір рет тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен жүргізіледі.

2017 жылдың қорытындысы бойынша, Директорлар кеңесінің қызметін бағалау IOSCO (International Organization of Securities Commissions) стандарттарына сәйкес келетін Рейтингі иемдену әдістемесіне сәйкес тәуелсіз компания — «Эксперт РА Қазақстан» рейтингтік агенттігі» ЖШС-мен жүргізілген.

Директорлар кеңесінің жұмысына бағалау жүргізу шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін реттелеуші ішкі құжаттар, соның ішінде Директорлар кеңесі туралы ереже мен оның комитеттері туралы ережелер талданды, Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу кезеңділігі мен нысандары талданды, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, корпоративтік хатшыға, ішкі аудит және тәуекел-менеджменті қызметтерінің басшыларына сауалнама мен сұх-

баттасу өткізілді.

Жүргізілген бағалаудың қорытындысы бойынша, Директорлар кеңесі мен оның комитеттері тиімді жұмыс істейтіні анықталды.

Директорлар кеңесінің сандық құрамы Компания қызметінің ауқымына, күрделілігі мен ерекшелігіне сәйкес келеді, директорлардың саны Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті.

Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіпқойлығы жоғары деңгейде бағаланған, біліктілігі алға қойылған мақсаттарға және міндеттерге сай келеді, ал мінсіз іскерлік беделі алға қойылған міндеттердің нәтижелі шешілуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Жалғыз акционермен өзара әрекеттесу процесін жақсарту, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін үйретуші іс-шаралар өткізу, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Компанияның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру тәжірибесін енгізу бөлігінде Директорлар кеңесінің жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар берілді.



«АФ Родина» ЖШС

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

«ҚАЗАГРО» ХОЛДИНГІ» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ («ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ) 2017 ЖЫЛҒЫ 27 ҚАҢТАРДАҒЫ № 3 ШЕШІМІМЕН ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР ҮШІН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ БІР КӨЗБЕ-КӨЗ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНЫ ҮШІН 2017 ЖЫЛҒА 75 000 ТЕҢГЕ МӨЛШЕРІНДЕ СЫЙАҚЫ БЕЛГІЛЕНГЕН.

Сыйақы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді шегерусіз көрсетілген.

Сыйақы «ҚазАгро» холдингі» АҚ еншілес акционерлік қоғамдарының бюджетінде көзделген қаражаттардың шеңберінде төленеді. Егер тәуелсіз директор есепті кезеңде (жарты жылдық) өткізілген «ҚазАгро» холдингі» АҚ ен-

шілес акционерлік қоғамдарының Директорлар кеңесінің барлық көзбе-көз отырыстарының жартысынан кеміне қатысқан жағдайда, сыйақы төленбейді.

2017 жылы құрамында 3 адам бар «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) төленетін сыйақы келесі позицияларды қамтиды:

Салықтар және әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар

282
МЫҢ ТЕҢГЕ

Есептелген сыйақы

2 625
МЫҢ ТЕҢГЕ

Жалпы сыйақы

2 907
МЫҢ ТЕҢГЕ

Басқарма



1981 жылғы 20 сәуірде туған

**ИЗБАСТИН
ҚАНЫШ
ТЕМІРТАЙҰЛЫ**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Басқарма Төрағасы

2017 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙ- ЫНША, БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫНА БЕС МҮШЕ КІРГЕН:

Компанияның бірінші басшысы болып табылады және Компанияның атқарушы органына басшылық етуді жүзеге асырады.

БІЛІМІ

- Ресей ИМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты;
- Орталық-Азия университеті.

СОҒЫ ҮШ ЖЫЛДАҒЫ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2013 жылғы қаңтар — 2015 жылғы қыркүйек — «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры;
- 2015 жылғы 03 қыркүйектен бастап — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы.

Компанияның қаржы-экономикалық мәселелер, активтер мен пассивтерді басқару, қаржыландыру тарту мәселелері, бухгалтерлік есеп пен есептілік мәселелері саласындағы қызметін үйлестіруді, сондай-ақ қаржы әрі экономикалық мәселелер бөлігіндегі филиалдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

БІЛІМІ

- «Қаржы және Кредит» мамандығы бойынша Қарағанды мемлекеттік университеті, біліктілігі — экономист;
- Жоғары менеджмент мектебі, Мемлекеттік университет Жоғары экономика мектебі, Мәскеу қ., МВА дәрежесі, «Қаржы және Кредит» мамандығы, біліктілігі — іскерлік әкімшіліктендіру шебері.

СОҒЫ ҮШ ЖЫЛДАҒЫ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2013 жылғы қазан — 2014 жылғы шілде — «Самұрық Қазына» ҰӘҚ» АҚ бас директорының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі;
- 2015 жылдың маусым айынан бастап қазіргі уақытқа дейін — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары.

**СЕЙТҚАСЫМОВА
АЙНҰР
ҒАБДЫҒАПАРҚЫЗЫ**

1976 жылғы 16 қыркүйекте туған

Басқарма Төрағасының
Бірінші орынбасары —
Басқарма мүшесі



1983 жылғы 06 қыркүйекте туған

**КАРАГОЙШИН
РУСТАМ
ТИМУРҰЛЫ**

Басқарма Төрағасының
орынбасары — Басқарма мүшесі

Компанияның тұтас кредиттік-лизингтік қызмет және инвестициялық жобаларды іске асыру, стратегиялық және корпоративтік даму, талдамалы жұмыс, сондай-ақ бизнес-процестердің әдіснамасы мәселелері бөлігіндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

БІЛІМІ

- Халықаралық бизнес академиясы (IAB);
- Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ).

СОҒЫ ҮШ ЖЫЛДАҒЫ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2013 жылғы қазан — 2015 жылғы қараша — Бас директор, «Сбербанк Лизинг Казахстан» ЖШС;
- 2015 жылдың 06 қараша айынан бастап — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары.



1976 жылғы 24 қаңтарда туған

**ШӘРБИЕВ
НҰРКЕН
ҚОЖАМҰРАТҰЛЫ**

Басқарма Төрағасының
Орынбасары — Басқарма мүшесі

Компанияның қарыздарды әкімшіліктендіру және кепілдікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қызметін тікелей үйлестіруді жүзеге асырады.

БІЛІМІ

- Ақмола аграрлық университеті;
- Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті.

СОҒЫ ҮШ ЖЫЛДАҒЫ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2013 жылғы қазан — 2014 жылғы қыркүйек — «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры;
- 2014 жылғы қазан — 2017 жылғы қаңтар — «Мерей» АӨК» ЖШС атқарушы директоры;
- 2017 жылдың ақпан айынан бастап — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары.



1981 жылғы 31 қаңтарда туған

**ДЖУВАШЕВ
АСЫЛХАН
БОЛАТҰЛЫ**

Басқарушы директор —
Басқарма мүшесі

Компанияның кредиттік және проблемалық жобаларды сүйемелдеу мәселелері бойынша қызметін тікелей үйлестіруді жүзеге асырады.

БІЛІМІ

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, 2002 жыл, экономист.

СОҒЫ ҮШ ЖЫЛДАҒЫ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- 2011 жылғы мамыр — 2015 жылғы қараша — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары;
- 2015 жылдың 06 қараша айынан бастап «ҚазАгроҚаржы» АҚ басқарушы директоры.

Басқарма жұмысы

БАСҚАРМА АҒЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕ БАСШЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯНЫ, ДАМУ ЖОСПАРЫН, СОНДАЙ-АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРМЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ЖАУАП БЕРЕДІ.

2017 жылы Компания Басқармасы туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді, онда Басқарманың құқықтары мен міндеттері айқын шектелген және кеңейтілген болатын.

2017 жыл ішінде Басқарманың 33 отырысы өткізілді, бәрі де көзбе-көз тәртіпте өткізілген, отырыстар тұрақты негізде — айдың әр онкүндігінде өткізіліп тұрды.

Аты-жөндері	Саны
Избастин Қ.Т.	28/33
Сейтқасымов А.Ғ.	31/33
Шәрбиев Н.Қ.	28/29
Карагойшин Р.Т.	31/33
Джувашев А.Б.	30/33

Жаңа стратегиялық жоспарлау жүйесіне сәйкес, Даму стратегиясын іске асыру бойынша 2018 жылға арналған іс-шаралардың операциялық жоспары бекітілді, онда негізгі іс-шаралар, орындалу мерзімдері, аяқталу нысандары және Компанияның Даму стратегиясының мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыруға жауапты орындаушылар белгіленген.

2017 жылы Даму стратегиясында алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін Компания мына негізгі жоспарларды іске асырды:

- КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ТАРТУ БОЙЫНША ЖОСПАРЫ –**

106,8% -ҒА ОРЫН-ДАЛҒАН
- 2017 ЖЫЛЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН САТЫП АЛУҒА БӨЛІНГЕН БЮДЖЕТТЕН ТЫС ҚАРАЖАТТАРДЫ ИГЕРУ БОЙЫНША ЖОСПАРЫ**

103,3% -ҒА ОРЫН-ДАЛҒАН
- NP1 ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

108% -ҒА ОРЫН-ДАЛҒАН
- КОМПАНИЯНЫҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

96% -ҒА ОРЫН-ДАЛҒАН
- НЕГІЗГІ БОРЫШТЫ ӨТЕУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМELERДІ ОРЫНДАУ ЖОСПАРЫ**

119% -ҒА ОРЫН-ДАЛҒАН

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ

Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы беру саясаты Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 7 шешімімен бекітілген «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының және мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, оларға сыйлықақы беру және әлеуметтік қамтамасыз ету шарттары туралы ережемен регламенттелген. Стратегиялық және дербес ҚНҚ жету нәтижелеріне байланысты, сыйақы жүйесіне есеп жылындағы таза шоғырландырылған пайданың болуы, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау нәти-

желері кіреді. Бұл ретте, есеп жылындағы басшы қызметкерлердің атқарған жұмысын бағалау Басқарма ұсынған стратегиялық және дербес ҚНҚ каскадталуын қамтитын ҚНҚ картасын орындау бойынша есептің негізінде жүзеге асырылады.

2017 жылы Басқарма мүшелеріне еңбекақы түрінде берілген сыйақы сомасы 75 924,5 мың теңгені құрады. 2017 жылдың қорытындылары бойынша Басқарма мүшелеріне сыйақы компанияның Директорлар кеңесі сәйкесінше шешім қабылдағаннан кейін төленетін болады.


Жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер туралы есеп, 2017 жылғы

Контрагент атауы	Қызығушылық белгісі
«Қазагромеркетинг» АҚ	Үлестес тұлға
«Восток-1» ЖШС	Үлестес тұлға
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	Жалғыз акционер
«KazBeef LTD» ЖШС	Үлестес тұлға



Ішкі бақылау жүйесі

КОМПАНИЯДА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 28 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 14 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ САЯСАТҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛГЕН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ.



2017 жылы Басқармамен Ішкі бақылау жүйесі туралы саясаты іске асыру ережесі бекітілді, бақылау іс-шараларын жүргізу жоспары іске асырылды, Директорлар кеңесімен тәуекелдер мен бақылаулардың матрицалары бекітілді.

- 1**
 - Тиімділікті бағалау
 - Тұрақты және кезеңді бағалау
 - Басқару және қадағалау
 - Ішкі аудит
- 2**
 - Маңызды ақпаратты уақытты тіркеу және беру
 - Ақпаратқа қол жеткізу
 - Ақпарат ағыны



- 3**
 - Саясаттар мен процедуралар
 - Іс-әрекеттер ауқымы
- 4**
 - Маңызды тәуекелдерді анықтау
 - Бақылау процедураларын анықтау негіздерін қалыптастыру
- 5**
 - Жалпы ахуал
 - Басқару стилі
 - Өкілдіктер мен міндеттер үлестіру
 - Басқару тиімділігі
 - Бақылау компоненттерінің негізі

Ішкі аудит қызметі

• Ішкі аудит қызметі




«2017 жыл Ішкі аудит қызметі үшін жемісті жыл болды. Біз қызметіміздің тиімділігінде айқын прогреске қол жеткіздік.

Қызметке кеңесші әрі тиімді идеялар новаторы рөлін беруге, осылайша, Компания үшін өзіміздің пайдалылығымызды арттыруға тырысамыз.

Біз Компанияның бір бөлігі болып табылатынымызды мақтан тұтамыз!»

Ішкі аудит қызметінің басшысы
В. Пак



2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша нақты саны 4 адам болды.

* Действует с 2006 года.



Ішкі аудит қызметінің (Қызмет) жұмысы Этика кодексі, сапалы стандарттарды және Халықаралық ішкі аудиторлар институтымен белгіленген ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарын қолдануға негізделген Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Ішкі аудитті ұйымдастыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Миссиясы: Директорлар кеңесіне және Басқармаға Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша олардың міндеттерін орындауына көмек көрсету.

Мақсаты: Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесін, ішкі бақылауды және Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және әділ кепілдіктер мен кеңестер беру.

2017 жыл ішінде 11 аудиторлық тексеріс (2 жоспардан тыс тексерісті қосқанда) жүргізілді. Тексерістер Компанияның орталық аппаратының 16 құрылымдық бөлімшесін және 2 филиалды (кредиттік-лизингтік қызметтің аудиті, проблемалық борыштармен жұмыстар және басқалар) қамтыды.

Жүргізілген тексерістердің нәтижелері бойынша, Қызмет тиісті ұсыныстар берді. Қызмет ұсыныстардың орын-

далуын бақылап отырады және іс-шаралардың барысы жөнінде Ішкі аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне баяндап отырады.

Қызмет басшысы жүргізілген ішкі аудиттің нәтижелері туралы Ішкі аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне жүйелі түрде есеп беріп отырады. Ішкі аудит жөніндегі комитет ішкі аудиторлық тексерістердің тиімділігін Қызмет басшысымен талқылайды.

Сонымен бірге, Компанияда Ішкі аудит қызметінің сапасын қамтамасыз ету мен арттыру бағдарламасы жұмыс істейді, оған сәйкес 2017 жыл ішінде Қызмет жұмысының Қызмет туралы ережеге, кәсіби стандарттарға, Кәсіби этика кодексіне, сондай-ақ Компанияның негізгі тұлғаларының түрлі топтарының мұқтаждарына сәйкестігі тұрғысынан сай келу мәніне оның ағымдағы және мерзімдік шолулары жүргізіліп тұрды.

Ішкі аудиторлар үздіксіз кәсіптік дамуды тұрақты негізде жүзеге асырып отырады. Атап айтқанда, Қызмет мамандарының Халықаралық аудит және менеджмент институтының IFA (DipIFA) дипломдары бар, Қызмет басшысының — халықаралық ішкі аудитор сертификаты CIA (part 1/3) бар.

Акционерлік капитал құрылымы

Өткен жылдың соңына Компанияда 1 000 теңге номиналымен 82 837 204 орналастырылған жай акция болды.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Компанияда сатып алынған акциялар немесе оның еншілес ұйымдарының меншігіндегі акциялар болған емес.

Есеп беру кезеңінде акцияларды орналастыру, соның ішінде бастапқы орналастыру жүргізілмеген. Орналастырылған акциялар санының 5 және одан да көп пайызына ие акционерлердің құрамында өзгерістер болған емес.



Дивидендтер

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ – «ҚАЗАГРО» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2012 ЖЫЛҒЫ 20 МАУСЫМДАҒЫ № 35 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ КЕЛЕСІ ҚАҒИДАТТАРҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ:

- Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компания Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесімен көзделген құқықтарын қатаң сақтау;
- дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Компанияның Жарғысымен белгіленген шектеулерді сақтау;
- Компанияның дивидендтік саясатын қалыптастырудың негізгі қағидастары мен тәсілдемелеріне сәйкес орташа мерзімді және ұзақ мерзімді дивидендтік саясатты әзірлеу;
- Басқарманың жоспарланған таза табыс пен дивидендке қол жеткізуге уәждемесін қамтамасыз ету.
- дивидендтік төлем мөлшерлерін анықтау кезіндегі Компания мен Жалғыз акционердің мүдделер балансы;
- Жалғыз акционердің мүддесін ескеру және оның активтерін барынша көбейту;

КОМПАНИЯНЫҢ ҮШ ЖЫЛ ІШІНДЕ ТӨЛЕГЕН ДИВИДЕНДТЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Атауы	Өлш. бірлігі	2015 (2014 жылға)	2016** (2015 жылға)	2017 (2016 жылға)	2018 (2017 жылға)
Таза табыс (залал)*	мың теңге	3 173 258	(5 576 683)	3 228 629	
Жыл ішінде жарияланған дивидендтер	мың теңге	2 855 932	-	1 614 314	
Жыл ішінде төленген дивидендтер	мың теңге	2 855 932	-	1 614 314	3 572 219
Бір акцияға келетін пайда***	Теңге	34,48	-	19,49	
Акцияның теңгерімдік құны****	Теңге	1 223,84	1 149,26	1 196,94	

* Қай жыл үшін дивиденд төленді, сол жылдың таза табысы.

** 2015 жылы ұлттық валютаның құнсыздануынан теріс қаржылық нәтиже алынуына байланысты, 2015 жылға дивиденд төленген жоқ.

*** Қай жыл үшін дивиденд төленді, сол жылдың пайдасы.

**** Қай жыл үшін дивиденд төленді, сол жылдың теңгерімдік құны.

2017 ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАРЫ

• 2017 жылдың маңызды корпоративтік оқиғалары

• 2017 жылдың маңызды корпоративтік оқиғалары

1 Уәкілетті органға Облигацияларды орналастыру қорытындысы туралы есеп ұсыну.



2 Облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымдарының купондық сыйақысын төлеу.



3 ҚЕД интернет-ресурсына аралық қаржылық есептілікті ұсыну және жариялау.

4 ҚЕД және «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурстарына 2016 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті ұсыну және жариялау.



5 Жалғыз акционерге «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2016 жылғы таза табысын бөлу тәртібі және «ҚазАгроҚаржы» АҚ бір жай акциясына есебімен жыл ішіндегі дивидендтердің мөлшері туралы ұсыныстар беру.



6 Компанияның интернет-сайтына 2017 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша қаржылық есептілікті жариялау.



7 «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017 жылғы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару.

8 2016 жылға «ҚазАгроҚаржы» АҚ жай акциялары бойынша дивиденд төлеу (Жалғыз акционер тиісті шешім қабылдаған жағдайда).

САҚТЫҚ ҚАҒИДАСЫН ҰСТАНАМЫЗ

КОМПАНИЯДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ТҰРАҚТЫ, ҮЗДІКСІЗ ПРОЦЕСС БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕ АЛҚАЛЫ ОРГАНДАР, УӘКІЛЕТТЕР ОРГАНДАР, КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫРЫЛА ОТЫРЫП ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.



Тәуекел-менеджменті департаментінің директоры А. Соғұмбаев

«Кез-келген қызмет тәуекелмен байланысты, сондықтан да біз бұл қызметтің нәтижесі болжауға болатынына, ал тәуекел мен мүмкіндіктің арасындағы ара қатысы оңтайлы болатынына сенімділікті қамтамасыз етуге тырысамыз.

Біздің компанияда тәуекелдерді басқару әр процестің ажырамас бөлігі болып табылады.

2017 жылы біз тәуекел мәдениетін дамыту үшін — әр қызметкердің тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын түсінуі үшін, тәуекелдердің деңгейі мен оларды төмендету шаралары туралы хабардар болуы үшін біз үлкен күш жұмсадық.


Дүние жүзілік заманауи стандарттардың шеңберінде енгізілген тәуекел-менеджменті құралдарын жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылды.


2018 жылға біз алдымызға тәуекелдерді басқарудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу, ішкі әдістемелерді жандандыру және процестерді одан әрі автоматтандыру сияқты жаңа күрделі міндеттер қоямыз».

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫНДАР:

- акционерлік капиталдың құнын құру мен қорғау;
- жүйелілік, құрылымдалғандық және уақыттылық;
- хабардарлық;
- белгісіздікпен жұмыс;
- бейімделгендік;
- ашықтық және кешенділік;
- жауап қату және қайталанушылық;
- тұрақты жетілдіру.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫНДАР





• Тәуекелдерді басқару

• Тәуекелдерді басқару

Сөйтіп, Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі — шеңберінде Директорлар кеңесі, Компания басшылығы мен қызметкерлері, әрқайсысы өз деңгейінде Компанияның қызметіне әсерін тигізуі мүмкін әлеуетті жағымсыз оқиғалар мен мүмкіндіктерді анықтауға, сондай-ақ негізгі мүдделі тараптар үшін қолайлы тәуекел деңгейі шеңберінде осы оқиғаларды басқаруға қатысатын бір процеске біріктірілген бір-бірімен өзара байланысты компоненттердің жиынтығы.

Компанияда тұрақты түрде тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару шараларын жасап шығару жұмыстары жүзеге асырылады. Компания өз қызметін бизнеске байланысты және санаттар бойынша бөлінген (стратегиялық тәуекелдер, кредит тәуекелдері, қаржы тәуекелдері, операциялық тәуекелдер мен құқықтық тәуекелдер) тәуекелдердің кең спектрін ескере отырып жүзеге асырады.

2017 ЖЫЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ СӘЙКЕС КОМПАНИЯДА ТӘУЕКЕЛДЕР ТІЗІЛІМІ, ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ТҮЙІНДІ ИНДИКАТОРЛАРЫ, ТӘУЕКЕЛ-ТӘБЕТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТӨЗІМДІЛІК СИЯҚТЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ ӘЗІРЛЕНІП БЕКІТІЛГЕН.

ТӨМЕНДЕ КОМПАНИЯНЫҢ 2017 ЖЫЛЫ ҰШЫРАУЫ ЫҚТИМАЛ БОЛҒАН ЕЛЕУЛІ ТӘУЕКЕЛДЕР БЕРІЛГЕН.

КРЕДИТ ТӘУЕКЕЛДЕР

Қарыз алушының немесе қаржы құралдарымен мәміле бойынша тараптың шарттық міндеттемелерді орындамау тәуекелі болып саналады. Кредит тәуекелі Компанияның қызметіндегі тәуекелдердің негізгі түрлерінің бірі болып табылады. Компанияның қызметі агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруға бағдарланғандықтан, бұл тәуекел түрі салалық тәуекелдерді, соның ішінде: табиғи-климаттық жағдайлардың маусымдық тәуекелдерін, дүниежүзілік азық-түлік нарығы жағдаятының өзгеру тәуекелдерін іске асыру арқылы да байқалуы мүмкін. Кредит тәуекелдерін неғұрлым азайту мақсатында, Компания 2017 жылы қоржынды әртарап-тандыру, өнімдер мен салалар қиындысында лимиттер белгілеу, кеңейтілген қаржы мониторингін жүргізу бойынша іс-шараларды жүргізді.

2017 жылы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту бойынша салынған күш тәуекелдерді өлшеудің сандық әдістерін кеңейтуге және неғұрлым тиімді нәтижелерді қамтамасыз етуге қабілетті дағдарыс жағдайында жауап қату шараларының кешенін әзірлеуге бағытталған. Сонымен қатар, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі шеңберінде Компанияның барлық құрылымдық бірліктерінің мейлінше көп өзара әрекеттесу ымырасын алу мақсатында,



ӨТІМДІЛІКТІ ЖОҒАЛТУ ТӘУЕКЕЛІ

Бұл дағдылы және күтпеген жағдайларда төлемдерді өтеу мерзімі басталған кезде Компания оны төлеу бойынша міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайлардағы тәуекел. Бұл тәуекелді шектеу мақсатында Компания 2017 жылы жұмыс істемейтін активтердің көлемін төмендету мақсатында қаржыландыру көздерін әртарап-тандыру, теңгерім құрылымын оңтайландыру жұмыстарын жүргізді, бридж-қаржыландыруды тарту мәселесін пысықтады.

әлеуетті тәуекелдерге қарсы іс-қимыл бойынша қорғаныс желісін құру жұмысы белсенді түрде жүргізілуде. Нәтижесінде, тәуекелдерді басқару жүйесі ISO 31000:2009, COSO, FERMA сияқты дүниежүзілік тәуекелдерді басқару стандарттарына сәйкес келтірілген.

Сонымен бірге, 2018 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту тәуекел-менеджменті бойынша регламенттерді одан әрі жетілдіру есебінен қамтамасыз етілетін болады, атап айтқанда, Компания тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын анықтау мәселесін қарастыруда.

ВАЛЮТА ТӘУЕКЕЛІ

Кредиттік келісімдер бойынша және серіктестермен жасалған келісім-шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пайда болады. Кірістер ұлттық валютада көрсетілгендіктен, бұл тәуекел Компания үшін елеулі тәуекелге айналған, ал борыштық міндеттемелердің бір бөлігі шетел валюталарында (доллар, евро, рубль) ұсынылған. Айырбас бағамының ауытқуларына тәуелділікті барынша азайту мақсатында, Компания валюталық жайғасым мониторингін жүзеге асырады, әрбір валюта бойынша валюталық жайғасымға лимит белгілейді, валюталық міндеттемелерді қайта қаржыландыруды жүзеге асырады.

Сөйтіп, Компанияның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту заманауи талаптарға жауап беретін тәуекел-менеджментін одан әрі жетілдіруге бағытталатын болады.

САПАЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚҰРУ

• Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік картасы

Сыртқы мүдделі тараптар	Талаптар мен болжалдар	Мүдделі тараптарды анықтау процедурасы	Өзара әрекеттесу әдісі
Тұтынушылар (қарыз алушылар), клиенттер	Компанияның қолайлы шарттарда өнімдер желісінің түрлерін көбейту. Компанияның көрсететін қызметін алу бойынша процедураны жеңілдету. Компания тарапынан қызмет көрсету сапасын жақсарту. Қаржыландыру алу, құжаттар пакетін азайту, құжаттар пакетін қалыптастыруда кеңес беру бойынша көмек көрсету, Компанияның ресми сайтына тұтынушыларға қажетті ақпаратты дер кезінде енгізу және оны ақпаратпен толықтыру, көрсетілетін қызметтер, ұсыныстар, акциялар туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру	Мүдделі тараптардың пікірін сұрау, қаржы лизингі шарттары	Клиенттермен жұмыс бойынша құрылымдық бөлімшенің болуы. Кейіннен тағы да шарт жасасу кезінде клиенттердің қанағаттанушылық мониторингі нәтижелерін қолдану. Қызмет көрсету процедурасын жеңілдету. Корпоративтік сайтта кері байланыстың болуы.
Жеткізушілер	Ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды орнату және сақтау. Сатып алынатын техникалар мен жабдықтардың көлемін ұлғайту. Келісілген шарттарға сәйкес, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің ақысын толығымен және дер кезінде алу.	Мүдделі тараптарының пікірлерін сұрау, шарттар	Шарттық міндеттемелерді бекіту және орындау арқылы өзара тиімді серіктестікті қалыптастыру. Сатып алулар жүргізу жүйесінің болуы. Жеткізушілердің наразылықтары мен талап арыздарын, Компанияның өндірістік және қаржылық нәтижелерін мерзімінде қарау және реттеу. Форумдарға, көрмелерге қатысу. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру.
Кредиторлар	Күрделі қаржы жұмсалымының қауіпсіздігі, Кейіннен пайдалумен Компанияның төлемқабілеттілігі мен табыстылығы. Қабылдап алынған міндеттемелердің уақытында сақталуы және орындалуы.	Мүдделі тараптарының пікірін сұрау, шарттар	Инвесторларды тарту бойынша жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы. Екі жақты, үш жақты іскерлік келіссөздерге қатысу. Шарттарға, меморандумдарға қол қою.
Бақылаушы органдар (ҚР Ұлттық Банкі, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті, ҚР ҚМ Қаржы мониторингі комитеті, Бас прокуратура)	Компанияның өз қызметін заңнамаға сәйкес жүзеге асыруы, норматив талаптарын орындау, бюджетке төлемдерді мерзімінде төлеу, жүргізілген тексерістердің қорытындысы бойынша нұсқамаларды орындау.	Мүдделі тараптардың пікірін сұрау	Қазақстандық заңнама талаптарын сақтау. Бақылаушы органдармен өзара іс-әрекетті жүзеге асыратын бөлек құрылымдық бөлімшенің болуы. Өтініштерді уақытылы қарау және нұсқамаларды орындау.



«Ақтеп» ЖШС

• Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік картасы

Сыртқы мүдделі тараптар	Талаптар мен болжалдар	Мүдделі тараптарды анықтау процедурасы	Өзара әрекеттесу әдісі
Бәсекелестер (лизингтік компаниялар)	Компанияның көрсететін қызметіне демпингтік баға белгілеуден бас тарту, адал бәсекелік күрес жүргізу. Компанияның іскерлік этика нормаларын сақтауы, тәжірибемен алмасу.	Мүдделі тараптардың пікірін сұрау	Бәсекелі ортаға талдау жүргізу. Адал бәсекелестік қағидатын ұстану.
Сыртқы аудитті жүзеге асыратын ұйымдар (Есеп комитеті, тәуелсіз аудитор және т.б.)	Компанияның ақша қаражаттары мен басқа да активтерін тиімді пайдалану. Заңнаманы, халықаралық, ұлттық стандарттарды сақтау.	Мүдделі тараптардың пікірін сұрау	Басқа тараппен өзара іс-әрекетті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы. Консалтингтік және аудиторлық қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу.
Жалғыз акцио-нер, басқару органдары (Ди-ректорлар кеңесі, Басқарма)	Компанияның табыстылығы мен құнының өсуі. Инвестициялардың қауіпсіздігі, экономикаға қосқан үлес, Болашақта Компанияның дамуы үшін әлеует құру. Компанияның тұрақты өсуі және дамуы, нысаналы көрсеткіштерге жету, жұмыс нәтижелері бойынша бонустар.	Мүдделі тараптардың пікірін сұрау Жарғы	Жарғының, Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын және құрметтелуін қамтамасыз ететін Компанияның корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету және Компанияның тиімді қызмет атқаруына, соның ішінде Компанияның стратегиялық мақсаттарға жетуіне және қаржы тұрақтылығын ұстап тұруына ықпал ету. Жалғыз акционердің отырысы, ҚР заңнамасының талаптарына, Жарғыға, ішкі құжаттарға сәйкес қаржы-шаруашылығы қызметінің нәтижелері туралы расталған ақпарат беру.
Қызметкерлер	Жалақыны, сыйлықақыны тұрақты және уақытында төлеп тұру. Қанағаттанарлық әлеуметтік пакет, қолайлы және қауіпсіз жұмыс шарттары (жұмыс күнінің, демалыстардың кестесі), қызметкерлердің заңдық құқықтарын сақтау. Мансаптық өсу мүмкіндігі және біліктілікті арттыру.	Мүдделі тараптардың пікірін сұрау, еңбек шарты	Компанияның мақсаттары мен міндеттеріне жетуге бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау. Білікті және дәлелді персонал қалыптастыруға нысаналанған ашық та айқын кадр саясатын жүргізу. Еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің әлеуетін іске асыру үшін оларды тең мүмкіндіктермен, олардың шынайы да өділ бағалануын, қызметкерлердің тек қана кәсіби дағдыларының, тәжірибесі мен білімінің негізінде іріктеліп алынуын және олардың мансаптық өсуін қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаны қорғау

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ЕЛІМІЗДІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚОРШАҒАН ОРТА МЕН АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАЙТЫН, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҚОРҒАУҒА МҮМКІНДІК ТУҒЫЗАТЫН, ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАТЫН, ДЕМЕК, ӨНДІРІЛЕТІН ӨНІМДЕРДІҢ БӘСЕКЕГЕ ЖАРАМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРАТЫН «ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУГЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ДАМУҒА БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ҚОЛДАУ ЖАСАЙДЫ.



Қазіргі уақытта кейбір қаржыландырылған жобаларда бірегей суды тазарту жүйесі — кері осмос жүйесі, қайтарымды дренаж жүйесі сияқты «жасыл» технологиялар, қи мен құс саңғырығын қайта өңдеуге арналған биокешендер, жайылымды суландыру жүйесі, сондай-ақ баламалы энергия көздері (жел генераторлары мен күн сәулелік батареялар) қолданылады.

Ақпараттық саясат

АҚПАРАТТЫ АШУ НОРМАЛАРЫН САҚТАУ ҮШІН, КОМПАНИЯ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ МЕН АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАР САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН, ЛИЗИНГ ЕРЕЖЕЛЕРІН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІСІНІҢ ҚАУЛЫСЫН, СОНДАЙ-АҚ АҚПАРАТТЫ АШУ АЙҚЫНДЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚА ДА ҚҰЖАТТАРДЫ БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ.

Компания Жалғыз акционердің назарына Қазақстан қор биржасының, Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстары, «ҚазАгро» холдингінің корпоративтік интернет-ресурсы мен порталы арқылы корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты «бір терезе» қағидаты бойынша, яғни бір құрылымдық бөлімше арқылы жеткізеді.

сын, мүдделі тұлғаларға ашуға жататын жалпыға ортақ ақпараттар тізбесін, сондай-ақ коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпараттар тізбесін анықтайды.

Компания интернет-ресурстарға ақпарат беру мен орналастыру

2017 жыл ішінде қор биржасының интернет-ресурсына 104, қаржылық есептілік депозитарийінің сайтына 64 корпоративтік оқиға туралы ақпарат орналастырылған. Аталған уақыт кезеңінде Компанияның Жарғысын бекіту бойынша Жалғыз акционердің шешімі туралы ақпарат беру мерзімін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің бір жазбаша ескертуі жасалған. Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында 2017 жылы тұрақты негізде заңнама нормаларының, Компанияның кредиттік және басқа да қызметін реттейтін ішкі құжаттардың өзгеруіне байланысты, сайттың барлық қосымша беттері өзектендірілді. Корпоративтік интернет-ресурсқа ақпарат орналастыру бойынша бұзушылықтар тіркелмеген.

2017 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗІЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ, КОМПАНИЯДА АҚПАРАТ АШУ ТӘРТІБІН РЕТТЕМЕЛЕУШІ ІШКІ ҚҰЖАТ ӨЗЕКТЕНДІРІЛГЕН.

2017 жылы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер енгізілуіне байланысты, Компанияда ақпарат ашу тәртібін реттемелеуші ішкі құжат өзектендірілген.

Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашу саясаты ақпаратты ашу мақсаты мен қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін айқындайды, ақпаратты ашуға жауапты тұлғалар (органдар) ая-

тәртібін, Компанияның ақпарат беруге және ашуға жауапты құрылымдық бөлімшелерінің жауапкершілігін, Компанияның жылдық есеп құрылымын анықтайтын «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықты да басшылыққа алады.

Адамдар – басты құндылық ретінде

Компанияның кадрлық саясаты қызметкерлер құрамын ұзақ мерзімді басқаруға бағытталған, оның басты мақсаты Компанияның қажетті сападағы әрі керекті сандағы еңбек ресурстарына деген қажеттілігін белгілі бір мерзім ішінде толығымен және уақытында қанағаттандыру болып табылады. Қарқынды сапалы жұмысқа бағытталған білікті, ынталы, жоғары уәждемелі қызметкерлер Компанияның басты игілігі әрі бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көзі ретінде қаралады.

КАДРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫН ОРЫНДАУ ҮШІН ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТАРТУҒА, ДАМУҒА ЖӘНЕ УӘЖДЕМЕЛЕУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.




«Кез келген компанияның жетістілігі сапалы түрде іріктеліп алынған кадрлық қызметкерлер құрамына, сондай-ақ оларды одан әрі жетілдіруге ынталандыруға байланысты болады. Бәсекелестік жағдайда сауатты түрде жолға қойылған басқару процестері (таңдау, оқыту, дамыту, уәждеме және т.б.) компанияның нарықтағы артықшылығын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлер құрамын сауатты таңдау және орын-орнына қою, оны дайындау әрі оқыту, дамуға бағыттау, базалық және өршіл уәждеме құру, мақсаттар мен міндеттерді дұрыс қою, сондай-ақ кері байланысты іске асыру — осының бәрі алға қойылған міндеттерді іске асыруға мүмкіндік туғызатын Компанияның кадрлық саясатының кезеңдері».

Басқарушы директор
Ж. Мукушев

ШТАТ САНЫ



2017 ЖЫЛЫ ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУ ДЕҢГЕЙІ 2016 ЖЫЛДАҒЫДАЙ

21% ҚҰРАДЫ

Орталық аппаратта 2017 жылы 84 жаңа қызметкер (59 ер адам және 25 әйел), ал филиалдарда 31 жаңа қызметкер (23 ер адам және 8 әйел) жалданды.

ПЕРСОНАЛДЫҢ САНАТЫ МЕН ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

	2016		2017	
	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
Орталық аппарат, соның ішінде:	104	102	101	103
Басшылар	31	4	31	4
Қызметкерлер	73	98	70	99
Филиалдар, соның ішінде:	89	138	140	89
Басшылар	20	5	25	3
Қызметкерлер	69	133	115	86

ОҚЫТУ

Кадрлық саясатты іске асыру негізі тиімді ұйымдық құрылымы мен оңтайлы кадр құрамының болуы болып табылады. Қызметкерлердің жоғары кәсіби деңгейі қуатталады және қызметкерлердің бойындағы білімі мен іскерлігін біртіндеп жетілдіру арқылы оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру арқылы тұрақты оқыту мен біліктілікті арттыру жүйесінде дамытылады.

Компанияның персоналды оқытуға, біліктілігін арттыруға деген қажеттіліктері мынадай ішкі және сыртқы факторларға байланысты: стратегиялық міндеттердің өзгеруі, заңнамадағы өзгерістер, жаңа бағдарламалардың енгізілуі, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуы, олардың алдына жаңа міндеттер мен мақсаттардың қойылуы және т.б.

2017 жылы оқыту және біліктілікті арттыру жүйесімен қамтылған қызметкерлердің саны 369 адам болды, оқытуға ендігі оқудан өткен қызметкерлер аймақтарға практикалық және теориялық тәжірибе беруге тартылды, сондай-ақ қызметкерлерді семинарларға тегін қатыстыру жұмысы ұйымдастырылды. Бір жылда бір қызметкерге келетін орташа сағат саны 3 сағат. Оқу тақырыбы 2017 жылы тәуекелдерді басқару, сапа менеджменті, тұрақты даму, қаржылық модельдеу, құқық, қаржылық талдау және бухгалтерия салаларындағы есептілік, агроөнеркәсіп саласындағы жаңа технологиялар, корпора-

тивтік басқару мәселелеріне қатысты болды.

Персоналды басқару ережесіне сәйкес, қызметкердің кәсіби және іскерлік қасиеттерін кешенді бағалау мақсатында, Басқарма Төрағасының

БІЛІМ АЛУ ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТЫЛҒАН ЖҰМЫСҚЕРЛЕР САНЫ

369 АДАМ

шешімі бойынша жоспарлы (3 жылда бір рет) және жоспардан тыс болып бөлінетін аттестация өткізіледі.

УӘЖДЕМЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫН УӘЖДЕМЕЛЕУ МЕН ҮНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ӘР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЖЕКЕ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЛЫ НӘТИЖЕЛІЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАҚСARTУҒА ДЕГЕН ТІКЕЛЕЙ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН.

Сондай-ақ, қызметкерлердің тиімділігін ынталандыру мақсатында Компаниямен мынадай сыйлықақы төлемдері көзделген:

- жеке ҚНҚ жету нәтижелеріне байланысты, кварталға жұмыс қорытындысы бойынша;
 - жылдық ҚНҚ жету нәтижелеріне байланысты, жыл қорытындысы бойынша;
 - мемлекеттік мерекелерді атап өтуге орай;
 - шығындарды үнемдеуге, табыстылықты арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлегені және енгізгені үшін, сондай-ақ инновациялық шешімдер мен рационализаторлық ұсыныстар енгізгені үшін;
 - қызметкердің аса маңызды тапсырманы орындағаны үшін (ішкі құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, басшылық пен акционердің шұғыл тапсырмаларын орындау, маңызды мәжілістер мен кездесулерге қатысу үшін Компания басшылығы үшін материалдар дайындау, мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда Компания мүддесін білдіру және қорғау, Компанияның тұжырымдамаларын, бағдарламаларын, жаңа қызмет бағыттарын сапалы әзірлеу, көрмелерге қатысуды ұйымдастыру бойынша сапалы да жедел жұмыс);
 - ұзақ уақыт кезеңі ішінде қызметкердің айтарлықтай жұмыс көлемін орындағаны үшін (мемлекеттік органдар мен Компанияның жұмыс топтарының отырыстарына белсенді түрде қатысу);
 - Компанияның қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін (компанияның мүддесінде салтанатты және спорттық іс-шараларға қатысу).
- Компанияда әділдік қағидатына (жалақы өлшеміннің жекелеген қызметкердің еңбек сапасы мен санына сәй-

кестігі), ашықтық қағидатына (жеке жалақы өлшемін анықтаудың айқын қағидаттарының болуы) негізделген қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің үш звенолы тарифтік торы белгіленген.

Компания қызметкерлері Компания ішінде де, басқа ұйымдармен, мемлекеттік және басқа органдармен өзара қарым-қатынаста да оң имиджді қалыптастыру процесімен жұмыс істейді, отаншылдықты дамытуға, бірлесушілікке тәрбиелеуге және Компания ұжымында оң әлеуметтік-психологиялық атмосфераны насихаттауға ықпал етеді.

Компанияның әлеуметтік саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің конституциялық құқықтарын іске асыру шеңберінде олар үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайларды дамытуға бағытталған.

Компания қызметкерлердің жоғары әлеуметтік қорғалу деңгейін қамтамасыз етеді, олардың толыққанды жұмыс істеуіне және еңбегі үшін адекватты сыйақы алуына жағдай жасайды, кәсіби, жеке бас және мансаптық өсуі үшін мүмкіндік береді, сөйтіп, Компания мен қызметкерлердің ұзақ мерзімді, тиімді әрі жемісті өзара қарым-қатынасқа деген қызығушылықтарын арттырады, оның нәтижесі жоғары еңбек тиімділігіне қол жеткізу болып табылады.

Компания басшылығы қызметкерлер үшін әлеуметтік және басқа да кепілдіктерді қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыру;
 - Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жұмыс орыны;
 - Еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
 - ерікті медициналық сақтандыру;
 - ақы төленетін еңбек демалысы;
 - бала туған (бала асырап алған) кезде, қызметкер некесін қиғанда және қызметкердің жұбайы немесе жақын туыстары қайтыс болғанда қызметкерлерге материалдық көмек төлеу;
 - еңбекақы төлеудің мерзімдік-сыйлықақылы жүйесі;
 - қызметкерлерді демалыс күндері және мереке күндері жұмысқа жұмылдырған кезде өтемақылық төлемдер;
 - қызметкерлер қызметтік іссапарда болған кезде ақы төлеу;
 - кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі.
- Әлеуметтік саясатты ойдағыдай іске асыру персоналдың уәждемесіне және жауапты жұмыс беруші мен әлеуметтік-бағытталған ұйым ретінде Компанияның бәсекеге жарамдылығын және оның имиджін нығайтуға ықпал етеді.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, жарақаттанудың алдын алу, қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту, зиянды да қолайсыз факторлардың әсерін азайту, жұмыс орындарында қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді төмендету, қызметкерлердің дербес деректерін қорғау және оларды медициналық сақтандыру Компанияның кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы Компания саясатының негізгі бағыттары болып табылады.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Компанияның бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясатына сәйкес, мынадай бағыттар анықталған:

- 1 Дене қауіпсіздігі бақыланатын қолжетімділік үй-жайларына және Компания ғимаратының бүкіл периметрі бойынша бейнебақылау енгізіле отырып және қашықтықтан кіріп бақылау жүйесімен мамандандырылған ұйымдардың тәулік бойы бақылауымен қамтамасыз етіледі. Жұмысқа қабылдау кезінде персоналға өзінің атқаратын жұмысы барысында Компанияның Ақпараттық қауіпсіздік саясатының талаптарын сақтауы жөнінде және құпия мәліметтердің жайылып кетуін болдырмауы жөнінде ескертіледі.
- 2 Ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық жасақтаманың қауіпсіздігі мынадай жан-жақты іс-шаралар есебінен жүзеге асырылады:
 - барлық ақпаратты өңдеу құралдарында үздіксіз мониторинг жүргізе отырып, бағдарламалық жасақтаманы вирусқа қарсы қорғау;
 - бағдарламалық жасақтаманың аудитін қамтамасыз ету және лог-файлдардың талдауын жасау;
 - дерекқорларды жүйелі түрде мұрағаттандыру;
 - Компанияда қолданылатын бағдарламалық өнімдер бизнес-процестерді үздіксіз сүйемелдеу мен оңтайландыру бойынша шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі. Кредиттік-лизингтік қызметте Компанияның тәуекелдерін анықтау бойынша бағдарламалық жасақтамаға жаңа алгоритмдер енгізу жұмысы жүргізіледі.

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ БАСЫМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-ЖҮЙЕСІНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ҚАРАЛАДЫ.

Ақпараттық қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз ету үшін, 2017 жылы Компанияда мынадай жүйелер сәтті енгізілген және пайдаланылуда:

- сақталу орнына және жергілікті (бұлтта ма немесе ақырғы межелеме) пайдалануына қарамастан, құпия деректерді DLP қорғау (құпия деректердің жайылып кетуін болдырмау);
- SIEM (ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқару) — нақты уақыт режимінде қауіпсіздік туралы ақпаратты және қауіпсіздік оқиғаларын басқару үшін тиімді шешім, жасырын қауіп-қатерлерді анықтау, талдау, бұғаттау мүмкіндігін беретін жағдаяттық хабардарлықты қамтамасыз етеді.

Демеушілік және қайырымдылық

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ХАЛЫҚТЫҢ НЕҒҰРЛЫМ АЗ ҚОРҒАЛҒАН ТОПТАРЫНА ҮНЕМІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТИП ТҰРАДЫ, СОНДАЙ-АҚ БЕЙІНДІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА (ИНТЕРНАТ-ҮЙЛЕР, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ, ОРТА, КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА, ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҰЙЫМДАРЫНА ЖӘНЕ Т.Б.) ҚОЛДАУ ЖАСАП ТҰРАДЫ.



• **8 192 000** ТЕҢГЕ

КӨЛЕМІНДЕ БАЛАЛАРДЫ ЕМДЕУГЕ КОМПАНИЯ ҚЫЗ-МЕТКЕРЛЕРІНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК БӨЛІНДІ

• **2 950 000** ТЕҢГЕ

КӨЛЕМІНДЕ АҚША ҚАРАЖАТЫ «ГОЛОВАСТИК» САУЫҚТЫРУ ЖАБДЫҒЫН, «МУЛЬТИСТЕНДЕР ДЖЕНКС RIFTON» ЖАБДЫҒЫН САТЫП АЛУ ҮШІН АСТАНА Қ. ӘКІМДІГІНІҢ «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАЛАЛАР ҮЙІ» КММ-НЕ БӨЛІНДІ

• **3 825 000** ТЕҢГЕ

КӨЛЕМІНДЕ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ КЕШЕНДІ САУЫҚТЫРУ МАҚСАТЫНДА «КОРВИТ» АППАРАТЫН САТЫП АЛУ ҮШІН АСТАНА Қ. ӘКІМДІГІНІҢ «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАЛАЛАР ҮЙІ» МКМ-НЕ БӨЛІНГЕН

• **3 032 600** ТЕҢГЕ

КӨЛЕМІНДЕ АҚША ҚАРАЖАТЫ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, АҚКӨЛ АУДАНЫ, УРЮПИНКА С. ОРНАЛАСҚАН № 1 «ЖЕТІМ БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІРІККЕН БАЛАЛАР ҮЙІ» КММ-НЕ БӨЛІНГЕН

СОНЫМЕН БІРГЕ, «БЕС ҚҰРЛЫҚ» БАЛАЛАР КИНОСЫ ФЕСТИВАЛІН ӨТКІЗУ ШЕҢБЕРІНДЕ «АТАМҰРА» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ЕСТЕЛІК СЫЙЛЫҚТАР ТҮРІНДЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ.

2017 ЖЫЛЫ 18 000 000 ТЕҢГЕГЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ:

18 000 000

ТЕҢГЕ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2017 ЖЫЛҒЫ



«Қаржылық есептілік – ХҚЕС сәйкес жасалған Компанияның 2017 жылғы қаржылық жағдайы туралы ақпарат.

Қаржылық есептілік нысандарының жиынтығы пайдаланушылардың белгілі бір іскерлік және басқарушылық шешімдер қабылдауы үшін, оларға Компанияның есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері, сондай-ақ оның қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат береді».

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры
Г. Шоданова.

Қаржылық жағдай туралы есеп	105
Пайда мен зияндар туралы есеп	106
Жиынтық кіріс туралы есеп	107
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	108
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	109

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 жылдың 31 желтоқсанына

(мың теңгемен)	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	41.239.167	22.989.891
Несиелік ұйымдардағы қаражат	6	149.809	662.881
Туынды қаржы активтері	7	-	829.066
Клиенттерге берілетін несиелер	8	45.066.761	54.841.601
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	183.288.007	197.402.364
Қаржылық жалдауға арналған мүлік	10	5.131.712	5.292.406
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	17	125.579	894.899
Негізгі құралдар	11	1.040.490	1.010.749
Материалдық емес активтер		530.043	216.334
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар	12	3.106.338	1.874.026
Берілген аванстар	13	2.558.452	284.744
Басқа да активтер	19	576.406	484.261
Активтер жиыны		282.812.764	286.783.222
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	14	75.539.402	85.638.633
Несиелік ұйымдардың қаражаты	15	40.429.623	39.556.372
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	16	46.969.316	46.841.139
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	17	1.669.304	2.133.275
Алынған аванстар	18	3.555.199	2.502.225
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер		3.979.227	2.945.520
Басқа да міндеттемелер	19	7.885.742	7.798.233
Міндеттемелер жиыны		180.027.813	187.415.397
Капитал			
Жарғылық капитал	21	82.837.204	82.837.204
Қосымша төленген капитал	21	24.912.791	23.282.853
Резервтік капитал	21	1.436.184	1.436.184
Шартты бөлу резерві	21	(9.542.733)	(9.372.015)
Бөлінбеген пайда		3.141.505	1.183.599
Капитал жиыны		102.784.951	99.367.825
Міндеттемелер мен капитал жиыны		282.812.764	286.783.222
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	21	1.234,41	1.196,94

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Рустам Тимурович Карагойшин

Гүлнар Такишевна Шоданова

2018 жылғы 15 наурыз

18 ЖЫЛ БОЙЫ КӨШ БАСТАП КЕЛЕДІ!



Басқарма Топағасының М.а.

Бас бухгалтер

ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

(мың теңгемен)	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
Пайыздық кірістер			
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек		18.966.880	17.788.390
Клиенттерге берілетін несиелер		6.184.998	5.763.140
Несиелік ұйымдардағы қаражат		1.953.413	1.761.051
Пайыздық кірістер жиыны		27.105.291	25.312.581
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(5.990.768)	(6.356.922)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(4.551.325)	(3.500.199)
Несиелік ұйымдардың қаражаты		(3.757.399)	(2.512.193)
Пайыздық шығыстар жиыны		(14.299.492)	(12.369.314)
Таза пайыздық кіріс		12.805.799	12.943.267
Қаржылық жалдаудың дебиторлық берешегі мен клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві	8, 9	(2.711.001)	(6.187.708)
Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервін және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті шегере отырып таза пайыздық кіріс		10.094.798	6.755.559
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша таза шығыстар	7	(786.945)	(947.531)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза (шығыстар)/кірістер		(1.274.414)	290.810
Басқа да кірістер	22	1.024.387	878.302
Пайыздық емес (шығыстар)/кірістер		(1.036.972)	221.581
Персонал шығыстары	23	(2.620.500)	(2.380.330)
Басқа да операциялық шығыстар	23	(1.034.092)	(732.470)
Клиенттерге берілген несиелерді қайта құрылымдаудан болған таза зиян	24	(599.402)	(669.237)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар	25	(1.105.641)	(300.170)
Амортизация		(192.108)	(171.086)
Пайыздық емес шығыстар		(5.551.743)	(4.253.293)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		3.506.083	2.723.847
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік	17	66.137	504.782
Бір жылғы пайда		3.572.220	3.228.629

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Рустам Тимурович Карагойшин

Басқарма Төрағасының М.а.

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

(мың теңгемен)	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
Бір жылғы пайда		3.572.220	3.228.629
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		-	-
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		3.572.220	3.228.629

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Рустам Тимурович Карагойшин

Басқарма Төрағасының М.а.

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

(мың теңгемен)	Жарғылы ққапитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	Бөлінбеген пайда / (жи-нақталған зиян)	Капитал жиыны
2015 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	22.248.866	1.436.184	(9.047.665)	(2.045.030)	95.429.559
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	3.228.629	3.228.629
Салықты шегере отырып, Ак-ционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс	-	1.033.987	-	-	-	1.033.987
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	-	-
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв	-	-	-	(324.350)	-	(324.350)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	23.282.853	1.436.184	(9.372.015)	1.183.599	99.367.825
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	3.572.220	3.572.220
Салықты шегере отырып, Ак-ционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс	-	1.629.938	-	-	-	1.629.938
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(1.614.314)	(1.614.314)
Салықты шегере отырып, бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв	-	-	-	(170.718)	-	(170.718)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	82.837.204	24.912.791	1.436.184	(9.542.733)	3.141.505	102.784.951

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді.

Рустам Тимурович Карагошин

Басқарма Төрағасының М.а.

Гүлнар Тахиршевна Шоданова

2018 жылғы 15 наурыз

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

(мың теңгемен)	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Түскен пайыздар		23.717.641	21.400.923
Төленген пайыздар		(10.307.315)	(7.556.872)
Туынды қаржы активтерімен операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып өткізілген кірістер	7	42.121	70.223
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.788.270)	(2.339.589)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(995.693)	(750.221)
Басқа да түскен кірістер		318.740	258.194
Шетел валюталарымен операциялар бойынша кірістерді шегере отырып жұмсалған шығыстар		(107.662)	(130.688)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары		9.879.562	10.951.970
Операциялық активтердің таза азаюы/(көбеюі)			
Несиелік ұйымдардағы қаражат		532.728	1.871.187
Клиенттерге берілетін несиелер		7.561.478	3.026.777
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		17.276.929	(12.507.446)
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар		(1.232.312)	(319.875)
Берілген аванстар		(2.256.264)	(120.144)
Басқа да активтер		(794.817)	(440.736)
Операциялық міндеттемелердің таза азаюы		1.052.974	299.740
Алынған аванстар		445.659	1.383.809
Басқа да міндеттемелер		445.659	1.383.809
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары		32.465.937	4.145.282
Төленген корпоративтік табыс салығы		(293.319)	(268.167)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		32.172.618	3.877.115
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(537.062)	(93.142)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсім		4.526	1.682
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза жұмсалуды		(532.536)	(91.460)

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

(мың теңгемен)

	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Акционерден қарыздардың түсуі	30	6.653.248	5.504.093
Акционерден алынған қарыздарды өтеу	30	(18.511.028)	(27.007.199)
Несиелік ұйымдардан қарыздар алу	30	11.220.884	26.712.535
Несиелік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу	30	(10.953.506)	(17.621.359)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	30	-	8.000.000
Акционерге төленген дивидендтер	21	(1.614.314)	-
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза жұмсалуды		(13.204.716)	(4.411.930)
Ақша қаражаты және баламаларының таза көбеюі/(азаяуы)			
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		(186.090)	(258.166)
Ақша қаражаты және баламаларының таза көбеюі/(азаяуы)		18.249.276	(884.441)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары			
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	22.989.891	23.874.332
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	41.239.167	22.989.891
Ақшалай емес операциялар			
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтердің басқа салықтар бойынша міндеттемелерге қарсы есепке алу		300.000	-

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді.

Рустам Тимурович Қарағойшин

Басқарма Төрағасының М.а.

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас Бухгалтер

2018 жылғы 15 наурыз

ГЛОССАРИЙ

АӨК	агроөнеркәсіп кешені
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ЖЖМ	жағар-жанармай материалдары
ММ	мемлекеттік мекеме
ҚЕД	Қаржылық есептілік депозитарийі
ҚАҚ	ҚазАгроҚаржы
КММ	коммуналдық мемлекеттік мекеме
ҚНК	қызметтің негізгі көрсеткіші
ІҚМ	ірі қара мал
КБ	корпоративтік басқару
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
АШМ	Ауыл шаруашылығы министрлігі
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралы
АШТӨ	ауыл шаруашылығының тауар өндірушісі
ROA	активтердің рентабельділігі (англ. return on assets)
ROE	капиталдың рентабельділігі (ағылш. return on equity)
NPL	бастапқы кредиттік келісімнің шарттары орындалмай жатқан кредит (ағылш. Non-performing loan)

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ОРТАЛЫҚ АППАРАТ

Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қ., Кенесары көшесі 51, КҚ-4

Қабылдау бөлмесі: +7 (7172) 58-04-37, 58-04-38

Сенім телефоны: +7 (7172) 58-04-50

Акционермен жұмыс бойынша: +7 (7172) 58-04-51

Тікелей инвестициялар мәселесі бойынша: +7 (7172) 55-73-40

Баспасөз қызметі: +7 (7172) 58-04-11

Хат-хабарды қабылдау: +7 (7172) 55-65-33

call-center: +7 (7172) 55-77-55, 1429

факс: +7 (7172) 58-04-46

e-mail: mailbox@kaf.kz

ҚОҒАМ ФИЛИАЛДАРЫ

Ақмола облысы

Көкшетау қ., Абай көш. 96, каб. 703, 704, 810
тел.: +7 (7162) 91-00-30, 91-00-31,
91-00-32, 91-00-33, 91-00-34, 91-00-35
e-mail: akm@kaf.kz, akm5@kaf.kz

Алматы қ.

Алматы қ., Бөгенбай батыр көш. 142,
«Қайсар» БО, 4-ші қабат
тел.: +7 (7272) 95-93-50, 95-93-51
e-mail: credit_alm2@kaf.kz

Алматы облысы

Талдықорған қ., 7 ш/а, 10 ғимарат,
«Көктем Гранд» БО, 7-ші қабат
тел.: +7 (7282) 55-86-80, 55-86-81
e-mail: almaty@kaf.kz

Ақтөбе облысы

Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғ. 51/1
тел.: +7 (7132) 92-11-80, 92-11-81
e-mail: akt3@kaf.kz

Атырау облысы

Атырау қ., Сәтпаев көш. 13А, 3-ші қабат
тел.: +7 (7122) 93-00-31, 93-00-32
e-mail: atr@kaf.kz

Шығыс Қазақстан облысы

Өскемен қ., Сәтпаев даңғ. 62
тел.: +7 (7232) 49-24-77, 49-24-76
e-mail: vko@kaf.kz

Жамбыл облысы

Тараз қ., Сүлейменов көш. 17
тел.: +7 (7262) 99-92-20, 99-92-23
e-mail: tar@kaf.kz

Батыс Қазақстан облысы

Орал қ., С. Датов көш., 28
тел.: +7 (7112) 96-00-30, 96-00-31
e-mail: zko@kaf.kz

Қарағанды облысы

Қарағанды қ., Бұхар Жырау көш. 53/1
тел.: +7 (7212) 92-24-07, 92-24-08,
92-24-09, 92-24-10
e-mail: krg@kaf.kz

Қостанай облысы

Қостанай қ., Бауман көш. 1А, «BOSS» БО
тел.: +7 (7142) 99-97-71, 99-97-72
e-mail: kst3@kaf.kz

АУДИТОР

«Эрнст энд Янг» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050060,
Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы 77/7,
«Есентай Тауэр» ғимараты

тел.: +7 (727) 258-59-60

факс: +7 (727) 258-59-61

ЖЫЛДЫҚ есеп

2017 ЖЫЛ БОЙЫНША

АРНАЙЫ
ШЫҒАРЫЛЫМ



AR2017.KAF.KZ

Бас редактор

Зарина Ахмеджанова

Редакторлар

Елена Цой

Бинара Шорнаева

Номермен жұмыс жасағандар

Алма Исмагулова, Гульнара Жакупова, Жанна Сулькебаева,
Юлия Заплата, Әйгерим Алмазова, Бауыржан Сабитов,
Роман Найман, Азамат Соғумбаев, Гүлім Жаманова,
Андрей Петров, Бахыт Нүрпейісова

Дизайн және беттеу

«IR.KZ» ЖШС

(Интернет Решения)

Фотограф

Юрий Олейников

2017 жыл бойынша жылдық есеп

2003 жылдан бастап
басып шығарылады

Жылына
1 рет шығады

Таралымы
140 дана